



Серікболсын  
ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ



ШЫҢҒЫСТАУЫМ -  
ҚАСИЕТТІ МЕКЕНІМ





Серікболсын  
ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ

# ШЫҢҒЫСТАУЫМ - ҚАСИЕТТІ МЕКЕНІМ

Алматы  
«Принт-Плюс» баспасы  
2022 жыл

Шыңғыстауым – киелі мекенім / Серікболсын Қыдырбайұлы.  
Алматы: «Принт-Плюс» баспасы , 2022. - 114 бет + 24 бет  
жапсырма

Киелі Семей өңірінен қанат қағып, өнер өлкесінде ақындығымен, дәулескер күйшілігімен, актерлік шеберлігімен қалың жұртшылыққа танылған Серікболсын Қыдырбайұлы көзінің тірісінде-ақ өнерсүйер қауымның лайықты ілтипатына бөлене білді. Кітаптың бірінші бөлімінде автордың жан адамға ашып айтпаған рухы мен сезімін, мұңы мен шерін кестелеген жырлары енгізілсе, екінші бөліміне замандастарының естеліктері мен арнау өлеңдері топтастырылған.

Кітап көпшілік қауымға арналған

Қыдырбайұлы С., 2022  
«Принт-Плюс», 2022

*Бірінші бөлім***ӨНЕРІМ - ӨМІРДАСТАНЫМ****ШЫҢҒЫСТАУЫМ**

Шыңғыстауым - қасиетті мекенім,  
Шыңғыс десе езіліп мен кетемін  
Сонау шалғай Жетісудың бойынан,  
Алып ұшып сағынышпен жетемін.

Ұмытылмас өзінде өткен күндерім,  
Бозбала кез айлы-аспан түндерің.  
Қасиетті Құндыздының бойында,  
Шәкірмен де ән салып бір жүргенім.

Бауырыңда өсіп, мен өзінде түледім,  
Аялаған ұлдарыңның бірі едім,  
Сенде мені сағынасың қарт «Шыңғыс»,  
Бар балаңды аялайсың білемін.

Аяулылар көп еді ғой ауылымда,  
Ағашаяқ Шәкір жатыр бауырыңда.  
Әруағына атырабы табынған,  
Бәйтекең мен Құлжекең бар тауыңда.

Батыр жырау Ақтамберді сол жерде,  
Ақтайлақ би, Сабырбай тұр іргенде,  
Мұса, Жәукен, Өмірхандар ерлігін,  
Кешегі өткен бүкіл Одақ білмей ме?

Даңқты адам бар әрине, бар жерде,  
Айттым бірақ сөз реті келгенде.  
КСРО заманының «Тайсоны»,  
Боксер ағам Көлембайда жүр елде.

Мен осы елде туғаным мақтанам,  
Елді еске алсам шабыттанам, шаттанам.  
Жүрісімде шәлкем-шалыс боп жатса,  
Елімдегі жақсыны айтып ақталам

## ӘКЕГЕ СЫР

Аяулы әке - асқар тауым, тірегім,  
Кім біледі енді қанша жүрерін.  
Кетсем-дағы алыстағы шалғайға,  
Сыйға тарттым тұңғышымды - жүрегім.

Жүрміз ғой біз өмір сызған жолдармен,  
Өтіп кетсек, өтпегендей қорғар мең?  
Өртке оралған ормандағы белгісіз,  
Келе жатқан жан түршігер жолдармен.

Өзің едің қыран қылып баулыған,  
Қыран болып ұша алмадым ұядан.  
Кетпей жүрмін самғап ұшып биікке,  
Айырылам ба деп туған Жерден -Анадан.

Кетпесек те аспан тіреп алысқа,  
Аз да болса көрдік өмір өткелін.  
Ризамын мен өмір сүрген ортама,  
Өмір өткел, өзек сырым қаншама.

Аяқтаймын әкеге айтар сырымды мен аз ғана,  
Бүгінге дейін болып жүрдік уайымсыз бозбала.

Қалай жүрдім болмаса егер арқа сүйер тірегім,  
Әлде болса бір жағымнан сүйетінім бір өзің.

## АБЫЗ АҚЫН

Ұлы Абайдың ақындық мектебін өмірінің өзегіне санаған, қазақ поэзиясында шоқтығы биік, кең тынысты, халық ақыны Шәкір Әбеновке шәкірт болып, 1981 жылдан қасына ердім.

Екеуіміз де бір ауылдың тумасы болғандықтан, мен әрдайым қасынан табылатынмын. Бір-екі күн көрінбей қалсам, Шәкір мені іздеп, шақыртып отыратын. «Сен күнде бір келіп маған жолығып тұр, мен өз бетіммен жүре алмаймын. Мені есікке қаратып алаңдатпа» дейтін. Мен үйінен кетерде, «ертең сағат нешеде келесің» деп, нақты уақытын анықтап, «ал енді бара бер» деуші еді.

Шәкір Әбеновтің бір ерекшелігі өз көңіліне жағып, өзінің талғамынан шықпаған адамға әндерін бермейтін. Дегенмен әншіні алыстан іздемейтін де. Сондай таңдамалы әншілерінің бірі - Құндызды ауылының тумасы Мадиева Алмаз Ахатқызы болатын. Алмаз оқушы кезінен Шәкірдің әндерін айтып өсті. Сегізінші сыныпта оқып жүргенде, «Алтай аруы» әнінен бастаған. Алмаз бұл күнде Шәкірдің барлық әндерін өз репертуарына енгізген. Шәкірдің ән мұрасына өз еңбектерін ұрпақтық парыз ретінде қосып жүрген Алмаз, інім Нұрболат күні бүгінге дейін Шәкір әндерін орындап, шәкірттеріне үйретіп ел арасында насихаттап жүр.

Жыраулық мұрасын бізге дейін жеткізіп, айтып үйретіп кеткен, көзі тірісінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа ақ батасын берген асылдың сынығы Шәкір ағаның есімі әрдайым жадымда сақталады. Ол менің көзден кеткенмен, көңілден кетпейтін, тәрбие берген өмірлік ұстазым.

Ұлы елдің перзенті, ұлы тұлға,  
Кім қоспайды Шәкірді ән мен жырға.  
Сарыарқада туған бір санлақ едің,  
Ән мен жырдан қалдырған бізге мұра.



Қылыштай сөзің қиғыр салса дауға,  
 Батырдай шепті бұзып, шапқан жауға.  
 Қызыл дәуір көсемін жырламаймын деп,  
 Өміріңнің көбі өтті-ау тас камалда.

Шәкірді айтсам жыр болып тебіреніп,  
 Әніңді айтсам ел тындар еміреніп.  
 Тағдыр бізге жазған тек еске алуды,  
 Өтіпсің-ау өмірден күңіреніп.

Шәкірдің асып тұр - ау атағы елден,  
 Абыройы атаққа қатар ерген.  
 Елбасы тұңғыш такқа отырғанда  
 Дуалы аузыменен бата берген.

## ҚОС ӘУЛИЕ МЕКЕНІ – ҚҰНДЫЗДЫДА

*(Құндызды ауылының 90 жылдығына)*

Құндызды - бабалардан қалған мекен,  
 Талай жанның жұлдызы жанған мекен.  
 Жазушы Оразалин Каменнің де,  
 Кіндік қаны осында тамған екен.

Аңыз қылып айтады елім күнде,  
 Есімі оның сайрап тұр көңілімде.  
 Қонаев Ақан аға - біздің жерлес,  
 Тұңғыш ұшқыш-Шыңғыстау өңірінде.

Бұл ауылдан көп шыққан тұлғалы адам,  
 Біз халықпыз ән менен жырға қанған.  
 Исатаев Мейрамбек жерлесіміз,  
 Құндыздыда халық театрын құрған адам.

Алданыш аға өнердің тарланы еді,  
 Талай жерге атағы барған еді.  
 Әнші - сазгер Забира, әнші Ақылбек,  
 Бар өнерін халыққа арнап еді.

Сәбит те талай топты жарған еді,  
Ал Алмаздың атағы самғап еді.  
Құдіретін танытып Құндыздының,  
Халықтан өз бағасын алған еді.

Құндызды – құтты мекен, Қызыр қонған,  
Төсінде тектілердің ізі қалған.  
Табиғаты талайды тамсандырып,  
Шырышы әлі күнге бұзылмаған.

Көк майса тұнып тұрған бел-белеңі,  
Мендекенің өзені өң береді.  
Жусаны мен жуасы бұрқыраған,  
Ақтұмсық қарсы алады келген елді.

Ақтастың көлбеп жатқан тауы қандай,  
Бүкіл жердің байлығы табылардай.  
Қос әулие мекені – Құндыздыда,  
Жүрген жандар баратын сауыға алмай.

Аппақ мамық бұлттары көше жүрген,  
Айдарынан таулардың еседі жел.  
Қарауыл тау қол бұлғап шақырғандай,  
Ордалы жыланы бар деседі ел.

Жайнаған Жүрекадыр даласы бай,  
Екінші аты - бұл жердің бар осындай.  
Биіктен көрінеді жүрекше боп,  
Сондықтан да атаған тап осылай.

Осы өңірден шыққан ғой қанша мықты,  
Өнерімен баураған барша жұртты.  
Алты алашқа атағы аспандаған,  
Ағашаяқ кезінде ән салыпты.

Тұнып тұр шежіреге әр белеңі,  
Өскелең ұрпақ үшін нәр береді.  
Атақты Сабырбайдың сары шоқысы  
Сайын мынау далама сән береді.

Тарихқа барар болсақ меңдеп енді,  
 Бізден шыққан адамдар ең беделді.  
 Мұса менен Өмірхан және Жаукен,  
 Үш бірдей Социалистік Еңбек Ері!

Ауыл – нағыз өнер ордасындай,  
 Кешегі жампоздардың жалғасындай.  
 «Күміс көмей, жез таңдай» Түгел тәте,  
 Ахаттай ақтангерлер болды осындай.

Бота деген мұғалім-жеңгем еді,  
 Тәлім – тәрбие талайға берген еді.  
 Айналған осы ауылдың анасына,  
 Парасатты жан болған ең беделді.

Танытқан біздің елдің ірілігін,  
 Есімі ел аузында күні бүгін.  
 Қоңырқаз аға профессор-мактанамыз,  
 Тарланы медицина ғылымның.

Десеңіз бұл ауылда басқа кім бар,  
 Ұлан деген дарынды жас ғалым бар.  
 Жазушы бар, ғалым бар-Айгүл деген,  
 Арыстары ауылдың саңлағы бар.  
 Үш Айбектің өзіндік салмағы бар,  
 Бірі - әлем барысы, бірі чемпион,  
 Бірі - күйші бал тамған бармағынан.

Шетте жүрген мен де бір балаң едім,  
 Құстай ұшып қанатты қаға келдім.  
 Тоқсан жылдық тойына Құндыздының,  
 Шашу қылып жырымды ала келдім.

*2019 жыл*

## АУЫЛДАСТАР

Армысыздар ағайын, ауылдастар,  
 Әріптестер, аға-іні, қарындастар.  
 Жаңа мыңжылдықта баршанызда,  
 Бақытты болыңыздар бауырластар.

Қай елмен де тең түсер терезесі,  
Арта берсін елімнің берекесі.  
Қазағымның есігін қағып тұрған,  
Құтты болсын Жаңа жыл мерекесі!

Ежелден ерен өнер жайған тамыр,  
Ән мен жырдың мекені - Жүрекадыр.  
Он жеті ақын - бұл елдің сом алтыны,  
Сол алтынның кесегі-ақын Шәкір.

Бұлар елдің қазынасы дастандары,  
Шоқ жұлдызы халқымның аспандағы.  
Шежіре-жыр әлі де сыр шертеді,  
Дақ салмаған тарихтың «ақтандағы».

Өмір көші осылай жалғасады,  
Бәйге өнердің ұрпақсыз бар ма сәні?  
Тамсандырған талайды таңқалдырып,  
Тартқан күйі, жастардың салған әні.

Қарсы алған еңбегімен әрбір таңды,  
Адамдар көп біздерде батыр жанды.  
Еңбек ері үш бірдей ауылымыздың,  
Кім білмейді Мұса, Жәукен, Өмірханды.

Киелі топырақта өсіп-өнген,  
Азамат көп ауылымда елі сенген.  
Кәмен, Рысхан, Сұлтан мен Қоңырқаздар,  
Шәкір ата Елбасына бата берген.

Қойнауына жинаған бар асылды,  
Ауылымда істер көп жарасымды.  
Жақсы істерге ұйытқы боп мектебіміз,  
Өнер отыр өшірмей жаға білді.

Ешқашан місе тұтпас қол жеткенін,  
Ордасы өнерпаздар саз мектебін.  
Әуелетіп ән-жырды бүгінгі күн,  
Көріңіз құйқылжыта күй шерткенін.

Ататын абыроймен әрбір күні,  
Серіктей ұстазымыз соның бірі.  
Облыста жұлде алды биылғы жыл,  
Мектептің ұлт аспаптар оркестрі.

Ойнайтын әр музыка аспабында,  
Өнерде кім тең келер жастарыма.  
Әсем ән, әуезді күй бүгінгі күн,  
Қалықтасын Құндызды аспанында.

Ұрпақ үшін еңбек еткен ұшан-теңіз,  
Қатар ұстап білімменен еңбекті егіз.  
Облыста үшінші орын алып,  
Бота мұғалім естіді жылы лебіз.

Тастүлектей қомдаған канаттарын,  
Шәкірттердің ұштаған талаптарын.  
Жарыстарда биіктен көрініп жүр,  
Тоқтарбек, Ақан менен Қанаттарым.

Арналған шәкірттерге жігер-күші,  
Әрқашан ұстаз-ұрпақ мақтанышы.  
Кәмшат, Үміт, Гүлнәш пен Тұрсынайдың,  
Үлгі болар өзгеге жарқын ісі.

Жұмысқа жұмылдырған бар ниетті,  
Ұстаздар көп бастамашыл ғанибетті.  
Мектептеріне ауданның үлгі болып,  
Тамсантқан музей жасап кабинетті.

Қарғыс атсын күндерді заманақыр,  
Құшақ жайып тұр міне, жаңа ғасыр.  
Қайсар мінез қазағым болашаққа,  
Нық басып сенімменен бара жатыр.

Халқым қанша көрсе де қиыншылық,  
Бүлінгенді көрмеген бұйым қылып.  
Мына қиын күндерден шығар алып,  
Тек береке, бірлік пен ұйымшылдық.

Өмірдің өзі тартқан сыйына лайық,  
Тас түйін жұдырықтай жұмылайық.  
Бұл өмірдің бар мәні татулықпен,  
Сыйластықта екенін ұғынайық.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

Тәуба, тәуба, тәуелсіздік, дербестік,  
Сен болмасаң дүние опа бермес түк.  
Өркендедік өз алдына ел болып,  
Өзгелермен терезені теңдестік.

Орындалып ата-баба арманы,  
Еркіндіктің атып жатыр таңдары.  
Қазақ елі дамып жатыр қарыштап,  
Мақсаты айқын, биіктерде бағдары.

Бірақ бізге оңай бұл күн келген жоқ,  
Жүректерде жатыр әлі шер мен шоқ.  
Желтоқсанда қыршын кеткен боздақтар,  
Әттеген-ай, осы күнді көрген жоқ.

Желтоқсанда мұзға жағып алауын,  
Халық өзі таңдап алды қалауын.  
Бодандықтың бұзып-жарып бұғауын,  
Еркіндіктің желбіретті жалауын.

Қанаттанып белді бекем байладық,  
Ел басқарып көшбасшыны сайладық.  
Өркениетке құлаш ұрды осылай,  
Тегі - мықты, жері - құтты бай халық.

Қазақстан бейбіт ел боп танылды,  
Іс атқарды алатындай бәрі үлгі.  
Қан қақсатқан қарапайым халықты,  
Семейдегі полигон да жабылды.

Еліміздің аты шықты алысқа,  
Қамшы басты найзағайдай намысқа.  
Егеменді ел болудың арқасы,  
Тұңғыш қазақ ұшса егер ғарышқа.

Көп ұлтты елміз ынтымағы жарасқан,  
Болашаққа үмітпенен қарасқан.

Мемлекетке айналыппыз іргелі,  
Бүкіл әлем назар салып санасқан.

Осы емес пе басқа бақтың қонғаны,  
Қанша ғасыр қазақ, қазақ болғалы.  
Елім менің өсе берсін өркендеп,  
Тәуелсіздік берік болсын қолдағы.

### **МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛДЫ**

Қапшағайда жағымды бір жаңалық,  
Тұрғындарға қонып жатыр жаңа құт.  
Өркениетті елдің бұл бір белгісі,  
Мәдениет үйі ашылды қалалық.

Бой көтерген мәдениет ошағы,  
Қаламыздың көркіне сән қосады.  
Қапшағайдың өнерсүйер қауымы,  
Қадамдарын өрге қарай басады.

Жаһандану заманында бұл күнде,  
Мәдениетсіз өмір сүру мүмкін бе?  
Мәдениет-құндылығы халқымның,  
Бір жүретін салт-дәстүрі, ғұрпыммен.

Құндылығын сақтап жүрсін ел есте,  
Бүгін міне, шықтық жаңа белеске.  
Мәдениет-ізгіліктің бастауы,  
Ол рухани азығымыз емес пе?

Егеменді елім гүлдеп жайнашы,  
Мәдениет-халқымыздың айнасы.  
Үміт артам мәдениет үйіне,  
Қаламызға тиеді деп пайдасы.

Кей мұсылман дінге жасап бұлдығын,  
Шоқынғанды көріп жүрміз сұмдығын.  
Тарауық, Зекет, Гибадат пен тазалық,  
Қатар жүрер оразада тел ұғым.

Дін қадірін намаз оқы білесің,  
Харамдардан бойың таза жүресің.  
«Бисмиллә» деп ниеттеніп жаттап көр,  
«Фатиха» мен «Ыхластың» сүресін.

Әр қазақтың өзінің бар ауылы,  
Қадір тұтқан мұсылманның қауымы.  
Мұхаммедтің үмбетімін дегенге,  
Бір Алланың жаусын нұрлы жауыны.

Сөйлеп кетсем сөзімнің бар дауылы,  
«Ауыз аштың» мұсылмандар қауымы.  
Дінімізге Алла берсін береке,  
Таусылмасын базарлы күн сауығың.

## ЕЙ, ЗАМАН!

Ей, заман, қайда барасың,  
Жақсының жырттып жағасын,  
Жарым көңіл қазақтың,  
Жарасын немен жазасың?!

Бұлбұл жоқ қарға сайраған,  
Халықтың білмей бағасын.  
Дауа болар бұл іске,  
Еміңді қайдан табасың?

Дарабоз туған ұлдарды,  
Тебінтіп неге қоясың?!  
Қолына жаттың телмірген,  
Қазақтың көрдім баласын.

Жерұйық қылған өзіне,  
Қазақтың дархан даласын.



Казино, құмар, жын ойнақ,  
Қалаңа мынау қарашы.

Жат қолына сатпаған,  
Далаңа мынау қарашы.  
Қазақтан артық басқаның,  
Көрсетші маған дарасын.

Жел сөзге желкен қылатын,  
Жарамсаққа қарашы.  
Жағымпаздық улаған,  
Бұл күнде көптің санасын.

Ұрандап өткен Алаштың,  
Асыл текті баласын.  
Пір тұтпаймыз неге біз,  
Дархан дала данасын?!

## ДОСҚА СЫР

Ей, достым өзінмен сырласайын,  
Досыммен сыр бөлісіп бір жасайын.  
Қызғанды мендегі бір махаббатты,  
Деп жүрме көңіліңді бір басайын.

Берілмей бос сезімге көзіңді ашшы,  
Сен басқаның бақытын ұрламашы.  
Ол ана ғой бауырында сәбиі бар,  
Қатты айтты деп жүрегің сыздамасын.

Обалына қалма сен сәбиінің,  
Бар еді ғой күш-жігер абыройың.  
Ол бейбақты шын сүйсең бетін қайтар,  
Махаббатың дүлейлі дауылының.

Бір жола кет демеймін күдер үзіп,  
Тастама жүрегіннен мәңгі сызып.  
Деп жүрме бұл досымның мен дегенде,  
Көңілі түзік болғанмен ойы бұзық.

Мен саған ақыл айтар кезім емес,  
Өзімнің де өмірім бұлдыр елес.  
Түсіп кетіп махаббат шырмауына,  
Өткел бермей жүрмесін түрлі белес.

Арпалыссын ар-ұят бақыт үшін,  
Тайталаста жеңеді басым күші.  
Дегенмен «Аққа Алла – жақ» деген ғой,  
Шашыранды ойды жинақта басып мысын.

Өзгеден сұрамашы ақыл кенін,  
Шалдыкқан сәтінді көрмейін сенің.  
Ақыл мен парасатың билік құрсын,  
Достым айтар тілегім осы менің.

Ал достым есіңді жияр келді кезің,  
Өкініште қалдырма өзінді – өзің.  
Көңіліңді кір шалмай аман жүрші,  
Осымен таман болар айтар сөзім.

## БИІГІНДЕ «ҚАЛАМҚАС» ДАРА ТҰРДЫ

*(Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы  
«Қаламқас» халықтық ән-би ансамблінің  
40 жылдық тойына арнау)*

Шыңғыстау - киелі жер Шығыстағы,  
Шыңыңнан шырқап биік кім ұшпады?  
Тектілердің іздері сенде жатыр,  
Айтылған сөз емес бұл, тым ұшқары.

Алыптардың жоғалсын аты қалай?  
Етегінде туылған хакім Абай!  
Шәкәрім - шыңыраудан шыққан шындық,  
Батырға бай мекенсің, ақынға бай.

Алға тартып сөйлесем алдыңғыны,  
Шәкір ақын сан басқан шалғыныңды.  
Серік болып, шайырға шәкірт болып,  
Сенде өткізгем серілік бар күнімді.

Елден көрдім сұлулық, жылулықты,  
Ерден көрдім ірілік, ұлылықты.  
Қаймағы бұзылмаған құтты өлкеде,  
«Қаламқас» ансамблі құрылыпты.

Жинаған саңлақ әнші, сан ақынды,  
Биігінде «Қаламқас» дара тұрды.  
Өнердегі жолыма тұғыр болып,  
Қатайтқан еді менің қанатымды.

Жарқыратқан айдай боп кара түнді,  
Сәулесі қалың елге таратылды.  
Бір ауданды басқарған сол кездері -  
Басында Хафиз деген дана тұрды.

Тарихқа енген тағылымды ғұмыры бар,  
Азамат ол- өнердің сырын ұғар.  
Хафиз аға таланттар топтастырған,  
Тұлпарларды танитын құлынынан.

«Қаламқас» таланттардан құрылыпты,  
Байқауларда сан мәрте сыналыпты.  
Ансамбль жетекшісі дарынды ер  
Ардақтаймыз біз Мұрат Тұраровты.

Аты шықты одақ пен шет елдерге,  
Барыпты қиырдағы мекендерге.  
Абай елі аспандап жатушы еді,  
«Қаламқас» абыройын көтергенде.

Талайы жоқ арада тарландардың,  
Жасындай жарқырап жанғандардың.  
Ғаббас аға айтулы әнші еді,  
Абырой мен атақтың алған бәрін.

Адалдық, ар алдында жүгінсейік,  
Өткен күнге ой тастап үңілейік.  
Сәкенова Розадай әнші қайда,  
Орыны тұр емес пе үңірейіп.

Бойыңда екен қазақтың бар асылы,  
Сендей болсын өнердің жанашыры.  
Абыройың асқақтап тұра берсін,  
Алшысынан үйіріліп тағы асығың.

## ҚОНАҚКӘДЕ

*(Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты,  
Алматы облысы бойынша тәртіптік кеңестің төрағасы,  
профессор Нұрғисаев Серікбай Өрікбайұлына)*

Ортамызға келіпті ел ағасы,  
Қыдыр болып аттаған қонақ осы.  
Серік аға азамат орны бөлек,  
Тәртіптік кеңестің ол төрағасы.

Келеді асып биік белестерден,  
Қалайша орны оның емес төрден.  
Талай заңға қол қойған ірі тұлға,  
Сұрағанға ақылмен кеңес берген.

Елінің бола білген жанашыры,  
Серік аға еңбегі тамаша үлгі.  
Мәртебесін өсіріп халқымыздың,  
Асқақтатып келеді Алашымды.

Ал Гүлнұрдай жеңгеміз ән салғанда,  
Шалқисың ұлан-байтақ дала сынды.  
Жақсы адамның қасында жүру бақыт,  
Дүние неткен келісті, жарасымды!

**ӨМІРІ ҰРПАҒЫ ҮШІН ӨНЕГЕЛІ**

*(Нұрадiл ақсақал 100 жасқа келгенде)*

Той - домалақ көбейдi күз кеп едi,  
Осы емес пе қазақтың iздегенi.  
Басқа тойдан, бұл тойдың жөнi бөлек,  
Өйткенi үлкен құдам жүзге келдi.

Қарты бар шаңырақта құт бар екен,  
Қазынасы жайылған жұртқа жетер.  
Тоқабайдың баласы Нұрадiл қарт,  
Найманның Қызайынан шыққан екен.

Шежiре тұнып жатыр тұлғасында,  
Құдай өзi жеткiздi бұл жасына.  
Тектiлердiң тұяғы жүзге келдi,  
Жеткеннен жетпеген көп бiр ғасырға.

Артында талай асыл жол қалыпты,  
Жасынан бұл атамыз болған мықты.  
Қилы-килы кезеңдi бастан кешiп,  
Еңбек етiп, егiн сап, мал бағыпты.

Жоқ екен бұл кiсiнiң көрмегенi,  
Өмiрдiң киясына өрмеледi.  
Төккен терi далаға зая кетпей,  
Ақталып отыр мiне, еңбегi ендi.

Қиындыққа мойымай жасымады,  
Қанағат деп шаттыққа тасынбады.  
Балалары - бақыты басындағы,  
Ұрпақтары - байлығы қасындағы

Құдам менiң қарттардың қаһарманы,  
Осы емес пе аңсаған бақ арманы.  
Желмаядай жүйiткiп жүзге келген,  
Бiз де келдiк атадан бата алғалы.

Өмірі ұрпағы үшін өнегелі,  
Жаратқанның осы ғой жебегені.  
Атамыздай біз-дағы ұзақ жасап,  
Сүйсек дейміз шөпшек пен шөберені.

## ӘНШІ АҒА

*(Көкшетау – Бурабайдың тумасы, Жүсіпбек Елебековтің шәкірті, Жәнібек Кәрменов пен Қайрат Байбосынов сияқты дарабоз жандармен бірге өсіп – біте қайнасқан дәстүрлі әнші марқұм Ташкенов Кенже Тарберенұлына)*

Сахарасы қазақы кең даламның,  
Сол далаңда ерке өскен бір балаңмын.  
Сол кеңдікке кейде сыймай кетемін,  
Аңсағанда жырын Кенже ағамның.

Қасиетті «сексен көлдің» серісі,  
Шәкірттерің еңбегіңнің жемісі.  
Өзің болған ортамызға ұрандай,  
Баршамызға өнеге еді төл ісің.

«Құрметті азаматы» ең қаланың,  
Көңілдерде ән мен жыр боп таралдың.  
Дархан көңіл жан едіңіз кенпейіл,  
Көңілін де қалдырмайтын баланың.

Сол пейілің ұрпағына дарығай,  
Біздер бүгін еске аламыз сағына.  
Кенже менен Жәнібектей тел өскен,  
Ұлдарын кім сағынбасын сарыла.

Төбіреніп талай сөзді сөйлеймін,  
Әз – аға, енді сені бірақ көрмеймін.  
Жәй табыңыз ұжымақтың төрінен,  
Көңілімдесің, көзден кетті демеймін.

**АБЗУРА АПАЙҒА**

Ұстасыз әрі анасыз,  
Бір әулетке панасыз.  
Құрметпен сыйлаймыз,  
Біз үшін сіз дарасыз.

Ақырын басып жүретін,  
Жымиып қана күлетін.  
Бұл күнде бөлім бастығы,  
Бәр істің жайын білетін.

Шәкірті озған өзінен,  
Мейірім төгер көзінен.  
Анасы болдың ауылдың,  
Сыпайы - сыйлы сөзіңмен.

Ішінде хансың қараның,  
Адамға тимес залалың.  
Жары да сізсіз Кенжедей,  
Дарабоз әнші ағаның.

Зейнеткер жасқа келіпсіз,  
Бұйырған дәннен теріпсіз.  
Пайғамбар жасына келгенше,  
Шәкіртке білім беріпсіз.

Қазақы дәстүр салтыңда,  
Өзгермеген қалпыңда.  
Алтын жеңгем жүре бер,  
Жарқырап елдің алдында.

02.02.2005.

## ПАРЫЗ ҒОЙ ИГІ ІСТІ ҚОЛДАУЫМЫЗ

*(Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев  
Қапшағай қаласына келген сапарына)*

Нұраға құтты болсын сапарыңыз,  
Әлемге мәшһүр сіздің атағыңыз.  
Халқыңыз хан көтеріп сайлар кезде,  
Әбенұлы Шәкірден бата алдыңыз.

Қош кепсіз Қапшағайдай текті елге,  
Тарихи Жібек жолы өткен жерге.  
Ақ нары Абылайдың шөгіп еді,  
Кезінде жауынгершілік осы өлкеге.

Игі іспен жақсылықты қолдадыңыз,  
Халыққа жетті сіздің Жолдауыңыз.  
Ақылды тектілікпен астарланған,  
Парыз ғой игі істі қолдауымыз.

Біртуар қазағымның перзенті,  
Елімнің сіз ғой Тұңғыш Президенті.  
Жетісу, Арқа, Алтай, Тарбағатай,  
Қолдайтын өзіңізді ел дәулетті.

Ал енді сізге айтамыз жолы болсын,  
Қазақы сахарама Қыдыр қонсын.  
Өзіңіз межелеген елу елдің,  
Қатары мерейлі ел бізбен толсын.

2006 жыл

## БҮГІНГІ КҮННІҢ КӨРІНІСІ

Бір жайды айтпаққа мен болдым құмар,  
Санасыздың тірлікте өрісі тар.  
Алла берген бақытын басқа тебер,  
Артық қылық қылатын жігіттер бар.



Жауқазындай жайқалған жап-жас қыздар,  
Махаббатсыз жүрегі ақшақұмар.  
Көлденең көк аттыға арын сатқан,  
Бұл заманда осындай қыздар бар.

Нарықтың құрығы ұзын, аясы тар,  
Аттыны заман қисса жаяулатар.  
Көп ақшадан көздері қарауытқан,  
Торай жонды, сал бөксе жігіттер бар.

Кейбіреулер кердиген атаққұмар,  
Өз әліне карамай шатаққұмар.  
Жолдасын қасындағы сатып кетер,  
Сатқындыққа тояттар осындайлар.

Пейілі кең жалпақ ел жамағатсың,  
Құнын білмес тойым мен қанағаттың.  
Таныс-тамыр, сыпсақай сумақайлар,  
Арына тиіп жүр ғой азаматтың.

Бір кездегі халықтық қазынадан,  
Ебін тауып иемденген ептілер бар.  
Әкесінен қалған бір мұрадай-ақ,  
Жұмыс сұрап барғанда көз алартар.

Жалдамалап жұмыспен істетеді,  
Жұмыста маңдай тер, күш кетеді  
Құрғақ ақыл, жалаң сөз – уәдемен,  
Пысықайлар жұмысын істетеді.

## **БАҚЫТТЫ БОЛ, ҚАРАҒЫМ**

Әдемі қыз қыр гүліндей құлпырған,  
Ғашық жүрек құмар жыр тұлғаң.  
Ғашықтардың мекенінің ордасы  
Сол жүректе тамылжыған сыр тұнған

Сол сырларды ақтарғайсың сен маған,  
Жырдан маржан тағайыншы мен саған.  
Хор қызындай көрінетін ару қыз,  
Талай жігіт арман еткен сыртыңнан.

Көз алдымнан елес болып өтесің.  
Сағындырып кейде келіп кетесің.  
Қолаң шашың иығыңа төгіліп,  
Сағым болмай қай күні сен жетесің.

Сұлу жанар тіктеп тағы қарағын,  
Жүректерде ән мен жыр боп таралғын.  
Кермаралдай керілген осы қалпыңнан,  
Айныма сен, бақытты бол – қарағым!

## МОЙЫНДАП, КҮЛЛІ ӘЛЕМ ЖҮРСІН БІЛІП

*(«Лондон-2012» Олимпиада жеңімпаздарына)*

Жетісу-жер жаннаты, мекен құтты,  
Танылған дүниеге талай мықты.  
30-шы жазғы ойын жарысында,  
Топ жарған дүлдүлдерім озып шықты.

Арайлап ата берсін таңым күліп,  
Береке ынтымақпен тұрсын ұйып.  
Егеменді Тәуелсіз қазағымды,  
Мойындап, күллі әлем жүрсін біліп.

Саңлақтар шыққан еді біздің жерден,  
Айналдым қазақ атты дархан елден.  
Мұхиттың аржағында атой салған,  
Жеңіс көп кеткен күш пен төккен терден.

Желбіреп көк байрағым көк аспанда,  
Жебеп жүр жаратушы, ұлы Алла!  
Көтеріліп көк туым биік көкке  
Бола берсін жеңістің кілті қолда.

Қорғай берсін жастарым ел намысын,  
Халқы үшін арнасын жігер-күшін.  
Жетісудын апайтөс ұландары  
Игілікке бастасын әрбір ісін.

## ЖАНЫ ДАРХАН АДАМСЫЗ

*(Қатшағай қаласының әкімі Наурызбай Асанбайұлына)*

Құтты болсын бүгінгі туған күнің,  
Мәні сонда адамзат ғұмырының.  
Наурыздай ұлық аймен қатар келген,  
Құттықтаймын Наурызбай Асанбайұлын.

Жеткен де, жетпеген бар осы күнге,  
Тірліктегі көп болсын несібең де.  
Тамырын жайсын тереңге деген болар,  
Наурызбай деген сыр жатыр есімінде.

Әр келген жас өмірдің дара шыңы,  
Өзіңізге тілейміз бар асылды.  
Шын көңілден біздер де құттықтаймыз,  
Өз ісінің майталман жанашыры.

Алақанда аялар бар мұрасын,  
Ардақтаумен келесіз Алашымды.  
Жаны дархан адамсыз ойы терең,  
Ал жүрегі кең байтақ дала сынды.

Еңбек жолын құрылысшыдан бастаған,  
Бұл өмірде асуы жоқ аспаған.  
Әр салада еңбек етіп жемісті  
Басшы атанды қиындықтан қашпаған.

Не десек те сіз үшін жарасымды,  
Аман-есен жүріңіз арамызда.  
Көпті көрген көнекөз дана сынды,  
Басшы болып ұзақ жыл қаламызда.

## ТУҒАН КҮНГЕ ӘЗІЛ - ӨЛЕҢ

Біздің ұжым құттықтайды қара қызды,  
Әлі тұрмыс құрмаған бала қызды.  
Осы келген жасыңмен бақыт келсін,  
Көп тілегі бата ғой болар ізгі.

«Жас шағыңда ойнап күл» дейді қазақ,  
Сағым боп бойдақтың қалар ізі.  
Туыпсың ми қайнатар ыстық айда,  
Қарындасқа қалжыңдайық осындайда

Жұмыс-жұмыс дей бермей ойлан енді,  
Көп ұзамай бір жігіт болсын пайда.  
Қыр гүліндей құлпырған Әсел қызды  
Көрмей жүрген шыққыр көз жігіт қайда?

Көптің берген батасы қабыл болып,  
Әселжан ұзатылсын келесі айда.  
Астыңа мінгеніңіз көк пен қара,  
Күнде сізге шуағын төккен дара.

Акиматтың қызы деп елеңдейміз,  
Жазға әкеп қойғандай көктемді ала.  
Басқарып жүрсіз таза тілімізді,  
Жасырып өзгелерден мінімізді.

Өлеңмен қалжың қылып жыр арнадық,  
Себепші ғып туылған күніңізді.  
Өмірің болсын өзендей сарқыраған,  
Көңілің болсын күндей боп жарқыраған.

Бегалидың қызы деп ел айтқанда,  
Мақтансын өзіңменен ардақты анаң.  
Қарындастар барына мақтанамын,  
Інілерің барына шаттанамын.  
Абыройы елімнің асқақтасын,  
Ақ тілекті осылай ақтарамын.

**БИІГІНЕН АЛЫСҚА ҚАРАЙТЫН ЖАН**

Мамыражай май айы, көктем күні,  
Төгілгенде сол күннің көктем нұры.  
Қыдыр қонған Қыдырбай әулетіне,  
Мәлім болды бір тойдың жеткендігі.  
Мәрзия апамыз бүгінде 70 жаста,  
Күтіп едік бәріміз көптен мұны.  
Биігінен алысқа қарайтын жан,  
Кісілігін алтынға ел балайтын жан.  
Түсінігін тереңге ел санайтын жан,  
Тектілердің тұяғы болмай қайтсін,  
Далада ол да туса, Абай туған.  
Қиындыққа мойымай, жеңілмеді,  
Ащы-тұщы әр қилы өмір көрді.  
Қайғы болса қаймықпай қарсы тұрып,  
Қуанышқа мастанып, семірмеді.  
Төрт құрсақты көтерген ана болып,  
Зайсан жаққа келісті келін болды.  
Еңбек десе ешқашан ерінбепті,  
Темір жол саласында терін төкті.  
Табандаған талай жыл жұмыс істеп,  
Қажырлы жан екенін мәлімдепті.  
Сарыөзекке ол сыйлы жан атанып,  
Қапшағайға содан соң қоныс тепті.  
Өмірі бұл адамның өнегелі,  
Кеңге жайып келеді керегені.  
Ұлды-ұяға қондырып, қыз-қияға,  
Сүйіп отыр бірнеше немерені.  
Ғұмыр-жасын жаратқан ұзақ қылып,  
Сүйсін дейміз сүйкімді шөберені.  
Күн нұрындай шуақты дидары бар,  
Көрген, білген өмірден жиғаны бар.  
Ақ жаулықты анамыз аман болсын,  
Аузында Алла, жүректе иманы бар.

**БҰЛБҰЛ ҚҰС ҰЯ САЛҒАН ТАҢДАЙЫНА**

Бақанас деген жердің жәннаты бар,  
Төсінде талай дарын, дана туған.  
Соның бірі - Гүлшаһар Несіпбайқызы,  
Өлең мен өнер үшін жаратылған.

Халықтың біткен бақыт маңдайына,  
Таңға айтуға болады ол жайында.  
Таңғажайып дауыстың иесі ол,  
Бұлбұл құс ұя салған таңдайына.

Хас талантқа талайлар тамсаныпты,  
Ерке қызын ерекше қарсы алыпты.  
Туған айдай толықсып, ажарланып,  
Қырық жыл сахнада ән салыпты.

Шежіре ғой өмірі Гүлекеңнің,  
Дәлелдеді өзінің кім екенін.  
Дегенменен байқатты басқаларға,  
Өлеңменен кіндігі бір екенін.

Жетістігі емес пе ол да адамның,  
Әр жүрекке жеткізсе жолдап әнін.  
Біреу біліп, біреулер білмейді екен,  
Қыз Жібектің бейнесін сомдағанын.

Халық қызын таниды жас пен кәрі,  
Көтерген талай игі бастаманы.  
Алпыс бес арғымағын мінсе-дағы,  
Көңілі Алатаудай асқақ әлі.

Ұрпағына беруде тағылымын,  
Тұғырынан түскен жоқ әлі бүгін.  
«Алпыс бес-талтүс» дейді біздің қазақ,  
Алпыс бестің тілейміз тағы бірін.

## СЛАМҒАЗЫ ІНІМЕ

Жер жәннәті атауы тегін бе,  
Інілер бар Жетісудың жерінде.  
Қасиетті Шыңғыстаудың тумасы,  
Сламғазым сыйлы азамат елінде.

Жүрекадыр – Құндыздының түлегі,  
Мақтан тұтат өзінді елің біледі.  
Елге барсаң егде тартқан үлкендер,  
Нүркенің бір жақсы ұлы деп жүреді.

Мамыражай май айы, көктем күні,  
Төгілгенде сол күннен көктем нұры.  
Рақатай ұлы Оразғали әулетіне,  
Мәлім болды бір тойдың жеткендігі.

Сол туған ұл бүгінде 50 жаста,  
Күгіп едік бәріміз көптен мұны.  
Сен халықтың үміт артқан бір ұлы  
Аман-сау жүр алтындардың сынығы.  
Ақ тілектің отырмын тізіп бәрін,  
Қуаныштың тата бер сүзіп дәмін.  
Басың аман, денің сау болып әркез,  
Бала - шағаң көрсетсін қызықтарын.

## АРДАҚТАУМЕН КЕЛЕСІЗ АЛАШЫМДЫ

*(Мәдениеттің майталманы Елеусіз Жанпейісұлына)*

60 деген өмірдің дара шыңы,  
Өзіңізге тілейміз бар асылды.  
Асқаралы жасыңыз құтты болсын,  
Мәдениеттің майталманы жанашыры.

Өрге сүйреп келеміз өнерліні,  
Нардай биік нарқы бар аға сынды.  
Ізді басқан іні мен қарындасқа  
Көрсетумен келесіз тамаша үлгі.

Жанпейістің баласы Елеусізсіз,  
Не десек те, сіз үшін жарасымды.  
Аман-есен жүріңіз арамызда  
Көпті көрген көне көз дана сынды.

## ӨЗІНІҢ БИІГІНЕ ЖЕТКЕН КІСІ

*(Ақылбек Нұрахметұлына)*

Зырылдап уақыт деген тоқтасын ба?  
Жақсының қона берсін бақ басына,  
Дүбірлі ұлан - асыр той болып жатыр,  
Ақылбек ағамыздың отбасында.

Жасына қосылсын жас тағы да,  
Шаттықтың күйі шалқып аспанында,  
Аты да, заты да асыл Ақылбегім,  
Алпыстың шығып отыр асқарына.

Халқына адал қызмет еткен кісі,  
Жаны - жаз, ал көңілі – көктем кісі.  
Ақыл – ойы, күш – жігер, білімімен,  
Өзінің биігіне жеткен кісі.

Бөленіп келе жатыр кіл алғысқа,  
Атағы да асқақтап тым алысқа.  
Шығыстың шырқап ұшқан тастүлегі,  
Айналды қылыш қанат қыран құсқа.

Өмірдің белесіне қонып отыр,  
Көңілі қуанышқа толып отыр.  
Ұлағатты өсіріп ұл-қыздарын,  
Қамқор әке және ата болып отыр.

Әр нәрсені ақылмен сұрыптаған,  
Білгір ұстаз, адал дос, білікті адам.  
Асекең жүйіткіп біздің шаба берсін,  
Алпыстың арғымағын құрықтаған.



Игі салт, ата - дәстүр жолымыз бар,  
Куәсі осы тойдың болыңыздар.  
Мерейлі мерейтойдың иесіне,  
Жаксылап алақанды соғыңыздар.

## ӨМІРІҢ ӨНЕГЕ ҒОЙ ЖАТҚАН ТҰНЫП

*(Тағы да Ақылбекке)*

Өзіңдей өнерді кім сүйе білсін,  
Сондықтан да басын ел иеді шын.  
Туған жерден дарыған өнер шығар,  
Өйткені Нүрке атамның жиенісін.

Өлеңнің жазып жүрсін бал шырынын,  
Өз алдына бір төбе әншілігің.  
Әсерлі де әуезді әуен жазып,  
Құпиясын жеткіздің жан сырыңның.

Сұлу сазбен келесің шаттандырып,  
Өмірің өнеге ғой жатқан тұнып.  
«Сегіз қырлы, бір сырлы азамат» деп,  
Елің текке айтпайды мақтан қылып.

Солай халқың беріпті мадақты елеп,  
Дарындының бірісің даңқың бөлек.  
Парасатты болмауы мүмкін емес,  
Наз атаның ұрпағы парқы бөлек.

Ағыза бер өнердің бал бұлағын,  
Тимей жүрсін жастыққа жар құлағың.  
Мерейлі мерейтойың құтты болсын,  
Алпыстың ерттеп мінген арғымағын.

Айналаңа қарайсың аң-таң болып,  
Айтулы азаматсың арқаң берік.  
Ұлағатты сөздерің жұртқа тарап,  
Ұрпағыңа жүре бер қалқан болып.

Жаның егіз білемін өнерменен,  
Тұяғысың тектінің дегенімен.  
Саған деген ықылас ниетімді,  
Жеті шумақ жеткіздім өлеңіммен.

2014 жыл.

## ХАЛЫҚ ҮШІН ЖАРАЛҒАН

*(Жазушы, ғалым, журналист Сұлтан Оразалинге)*

Тұяғы болғаннан соң тектілердің,  
«Елім» деп елжіреткен ет-жүрегін.  
Жазушы, ғалым, журналист Сұлтан аға,  
Асылдардың сынығы деп білемін.  
Жүрегі халқым деп жаралған жан,  
Қару қылып қолына қаламды алған.  
Елдің атын қалайша шығармасын,  
Абайдың топырағынан нәр алған жан.

## ШАШЫЛДЫ ЕЛГЕ ШУАҒЫ

*(Сұлтан Оразалиннің ұлы Дулатқа)*

Текіден текті туады,  
Атаның жолын куады.  
Жаксыдан туған Дулаттың,  
Шашылды елге шуағы.

Көрініп жүр асқардан,  
Оза шауып басқадан.  
Көшбасшы болып керемет,  
Компанияны басқарған.

Атқарып жүр пайдалы іс,  
Саласында байланыс.  
Білікті, білгір азамат  
Бойында жатыр бұла күш.

## ӨЛЕҢ - ОНЫҢ ТЫНЫСЫ

*(Ақын Алтыншаш Жақияноваға)*

Құрметтеген ақынын ірі халқын,  
Жүректерде жатталсын жырың алтын.  
Құтты болсын «Жаныңның нұры» мына,  
Тұсау кесіп жатырмыз бүгін, Алтын.  
Өлеңдерін өзіңді өрге сүйреп,  
Жарқырасын жырменен нұрың әр күн.

Ұстаз да сен, ақын да, ана да сен,  
Кей мінезің ұқсайды бала десем.  
Кәусар бұлақ жырыңмен сусындатып,  
Ортамызда жүре бер аман-есен!

## ЕЛУДЕН АСЫП БАРАСЫҢ

Елуден асып барасың,  
Жырыңмен тауып жарасым.  
Алдыңда асқар алпыс тұр  
Асқақтатып бағасын.

Жұрт қызығып қарасын,  
Арғымақтайын шабасың.  
Көктей тіліп өте бер,  
Қазақтың шалқар даласын.

Болмасын оған таласың  
Әже деген данасың.  
Отырып алып үйінде,  
Немеренді бағасың.

Сексенге де барасың,  
Әлі де топты жарасың.  
Ғұмыр берсін құдайым,  
Саралар талай сарасын.

Одаққа кірдің – озасың,  
Қағазды шұқып қазасың.  
Құтты болсын «Бас бәйген»,  
Кеудеңе белгі тағасың.

Ақын деп сені дәріптер,  
Арада жалғыз ғанасың.  
Бұл Серіктің тілегі -  
Жаза бер жырдың жаңасың.

## АҚЫНДЫ ТАНЫСТЫРУ

Түркістанда туылдың,  
Пірің сенің – Яссауи.  
Бұлағына жуындың,  
Жырың сенің – Яссауи.

Киелі жердің қызысың,  
Көш артында қалмашы.  
Жұрт аузында жүрсін деп,  
Жырыңды елге арнашы.

\*\*\*

Сол жерде өсіп, ержетті,  
Туған жер үшін тер төкті.  
Алматы маңын жағалап,  
Білім алуды көздепті.

КазГУ-дің қалашығында,  
Ол кезде бала шынында.  
Журфакті алды бітіріп,  
Арманы болған бұрында.

Алматы жастар қаласы,  
Жиырма жаста еді шамасы.  
ҚазПИ-ді алған бітіріп,  
Кезікті Семей баласы.

Бір жүрді күліп-ойнасып,  
Арманы болған Айға асық.  
Семейге кетті ақын қыз,  
Екеуі уәде байласып.

Семейде күтті ел-жұрты,  
Өнердің тұнған ортасы.  
Теңгесін шашып жолына,  
Шашу қып кәрі апасы.

Күтіп тұр екен ақынды,  
«Ақсуат арай» газеті.  
Осында қызмет істеді,  
Болған соң елге қажеті.

Құшағын жайды барған жер,  
Жүйріктер өткен маңмаңкер.  
«Үшөзен» туған жердегі,  
Сағыныш болып қалған жер.  
Тете боп бірі-бірімен,  
Үш сәби келді өмірге.  
Екі ұл, бір қыз өсірді,  
Қуаныш олар көңілге.

«Оқытсам» деген үмітпен,  
Алматы маңын жағалап.  
Қапшағай міне, карсы алды,  
Өнерлі жанды бағалап.

Суретші жары салмақты,  
Өнерді өнер таңдапты.  
Үлкені – бастық, кіші ұлы -  
Өмірін өнерге арнапты.

Жанынан өткен қызығар,  
Талдырмаш қана қызы бар.  
Қолғанат болып анаға,  
Майысып қана сызылар.

Білетін істің жөнін бар,  
Екі бірдей келін бар.

Шерухан, Әмір, Алуа,  
Темірландай - төлі бар.

Қонаевта жұмысы,  
Өлеңі – оның тынысы.  
Күнде бір өлең жазбаса,  
Бітпеген жандай бір ісі,  
Жазылмайды құрысы.

Мұқағали туралы,  
Кітап жазды ізденіп.  
Қанша еңбек сіңірді,  
Баспа алдына жүз келіп.

Демеуші іздеп жүгірді,  
Шарқ ұрып барға жүгінді.  
Тұсаукесері кітаптың,  
Құтты болсын бүгінгі!  
Ақынның осы – тарихы,  
Қаламыз түгел таниды.  
Кітаптары бұл күнде,  
Сөресінде тұр әр үйдің.

Көзін ашып көргелі,  
Өлеңі болды ермегі.  
Абайдың қолдап аруағы,  
Ақталсын адал еңбегі!

## АЛТЫНШАШ АҚЫНҒА

Жүрегінен ұштырып жыр құстарын,  
Жарқырайды жұлдыздай бір қыз дарын.  
Төрткүл дүние түкпірі танып жатыр,  
Тумасын қасиетті Түркістанның.

Аты да алтын, ақынның заты да алтын,  
Жырлары бар тереңге батыратын.  
Сайыпқыран ақын бар Алтыншаштай,  
Қара өлеңнің қымызын сапыратын.

Қанат байлап өзінің арманына,  
Ұша білген өнердің заңғарына.  
Алтыншаш ұлағатты ұстаз-ақын,  
Айналған бала жаны бағбанына.

Өлеңнің ерттеп мінген тарлан атын,  
Бақыты басындағы жанған ақын.  
Өзіндік орыны бар жыр өлкеде,  
Орнын ойып тұрып алған ақын.

Уақытын өлеңге бөледі көп,  
Ақын жанын тереңнен көре біл деп.  
Жиырма кітап жарыққа шығарса да,  
Бергенінен халыққа берері көп.

Өлең оның айналған сырласына,  
Арнап келдім жырымды құрдасыма.  
Қапшағайдың Құрметті азаматы,  
Жетіп жатыр атағы бір басына.

Оның әрбір сөзіне шаттанамыз,  
Ақын деген лайық атқа нағыз.  
Мүшесі Жазушылар одағының,  
Мақтамаймыз, онымен мақтанамыз.

## **БАБАМЫЗ АТАТҮРІК БӘРІМІЗДІҢ**

*(Түркия елінен келген делегацияға)*

Халықпыз жанымыз бір, қанымыз бір,  
Ұрпақтан тарағанбыз бәріміз бір.  
Еншісі қазақ, түрік бөлінбеген,  
Бабамыз Ататүрік бәріміздің.

Бәріміз ниеттеспіз бірімізге,  
Ұстанған және бірдей дініміз де.  
Түркия бірінші боп мойындаған,  
Азаттық алған алғаш күнімізде.

Қолтықтан бауырым деп демеп еді,  
Қазақстан ел болғанда егеменді.  
Түркия тұғырында биік тұрып,  
Көрсеткен өзгелерге өнегені.

Көп екен даналары бұл даланың,  
Жақындатқан халқының нұрлы арманын,  
Қашанда қазақ елі құрметтейді,  
Осы елдің маңдайалды тұлғаларын.

Түріктің Тұрғыт Өзал кеменгері,  
Сіңірген елі үшін көп еңбегі.  
Татулық, бірлік үшін барын салған,  
Көреген саясаткер Демерілі.

Қарыштап Қазақстан алға асуда,  
Түркия – тіреушісі бар қасында.  
Екі елдің ынтымағы арта түсіп,  
Рухани байланысы жалғасуда.

## ЕРДОС АҒАҒА

Орындалсын Ереке, ойға алғаның,  
Күтіп ек баяғыдан той болғанын.  
Тау тұлғалы азамат Қапшағайда,  
Жасына келіп отыр пайғамбардың.

Қапшағайлық жамағат жатқа білер,  
Ағалардың бірісіз атқамінер.  
Елдің қамын ойлаған азаматсыз,  
Ойланбастан ел үшін отқа кірер.

Үлгі болып келесіз басқаға сіз,  
Ауылшаруашылық бөлімін басқарсыз.  
«Басқасы – сізден, закуска бізден» деп те,  
Талайларға әзілдеп тастағансыз.

Ақкөңілді адамсыз аңқылдаған,  
Әзілдесе ешкімнен тартынбаған,



Қазақтың нағыз сері жігітісіз,  
Жүйрік мініп, аң аулап, ән тыңдаған.

Әлі де биік сіздің тұғырыңыз,  
Айта аламын жасырмай мұны нығыз.  
Жас жамалып Ереке жасыңызға,  
Ұзақ болсын деймін мен ғұмырыңыз.

## ЕМЕНДЕЙ ҚАТТЫ ҚАЙРАТТЫ

*(Қапшағай қаласының кәсіпкері Роза Пиддаевнаға)*

Қапшағайға белгілі көрінеді,  
Осы жұрт Роза жайлы не біледі.  
Роза деген алдымен гүл емес пе?  
«Элит» деген ресторанды басқарған,  
Элитный адамдардың бірі емес пе?  
Жақсы менен жаманды сұрыптаған,  
Салт - дәстүрін елімнің ұлықтаған.  
Басқа адамды сыйлай да білетін,  
Өзін сыйлата да білетін білікті адам.  
«Сипаттап айтып берші жүзін маған»,  
Дейді ғой сондай қызық адам.  
Роза іскер адам,  
Қиыншылықта сынбайтын,  
Мақсатқа жетпей тынбайтын.  
Емендей қатты қайратты,  
Қанша исең де сынбайтын.  
Ашуланса тоқтай салады,  
Кейде еркекке ұқсап боқтай да салады.  
Қырық қызға беріксіз,  
Өзі сондай көрікті.  
Жанары жанып тұрған оттай,  
Құлын мүшесі әлі күнге бұзылмаған,  
Орысша айтқанда фигурасы оқтай,  
Әне өзі де келе жатыр,  
Осы жерден қалайықшы тоқтай.

## АТТАР АТТАНАРДА

Куәсі болсын бар адам,  
Үміт артып караған.  
Құнандар шықты жарысқа,  
Бауырынан жараған.  
Қайысысы келер топ үзіп,  
Жарысқа түскен жаңадан.  
Шашасына шаң жұқпас,  
Қос өкпесін ауыртпас,  
Шын жүйрік шықсын арадан.

## АЛАМАН БӘЙГЕ

Қазақ деген халықпыз,  
Ер қанаты - ат деген.  
Жарыс десе жаныппыз,  
Отыра алмас баппенен.

Қазақпыз жылқы мінезді,  
Бөлек қой сыры оның да.  
Көрмесе тақым, үзеңгі,  
Отыра алмайтын орнында.

Ежелден игі салтым бар,  
Бәйгесіз тойды бастамас.  
Тұлпарын қазақ асында  
Қызға да бермес баспа - бас.

Жеребе міне, тасталды,  
Тұлпарлар шықты алаңға.  
Аламан бәйге басталды,  
Сәттілік тіле балаңа.

\*\*\*

Бүгіліп бауырынан жүйрік жарап,  
Жан-жақтан келіп жатыр не желді аяқ.  
Аламан бәйге бүгін Қапшағайда,  
Жанкүйерлер тілектес тұрсын қарап.

Бұлақтың тәттісі де, тазасы да,  
Қасиетті қазақтың даласында.  
Айдында алашыбар құс кикүлар,  
Бүгін той Қапшағайдың даласында.

## АТАҢНАН ҚАЛҒАН АС ЕМЕС

Ұрпағың туса қағынып іштен,  
Салтыңды қайтем салынып ішкен.  
Ішкеннің азып кеткені қанша,  
Өкпе мен бауыр қабынып іскен.

Ас-суың ба еді атаңнан қалған,  
Ішпеген адам қатардан қалған.  
Салбырап көктен түспеген шығар,  
Сары ауыз неме сақалдан алған.

Құдыретін құяр қуатын бойға,  
Қымызың қайда, шұбатың қайда?  
Қымызың мен шұбатың барда,  
Есірткі естен шыға тұрмай ма?

Салынып ішкен қалпыңды көрдім,  
Тозығы жеткен салтыңды көрдім.  
Қызығы кеткен қызыңды көрдім,  
Қызара бөрткен қартыңды көрдім.

Жастық пен мастық қатар жүреді,  
Оны ойлап ата-анаң жүдеді.  
Адыра қалды-ау талай жігіттің,  
Аруды сүйген адал жүрегі.

**ТЕКТІЛІГІН ТЕРЕҢНЕН ҰҒЫНАМЫЗ**

*(Қапшағай қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бибігүл Кенжеханқызына)*

Арттырған ел ырысын, игілігін,  
Есімін ел біледі Бибігүлдің.  
Қанат жайған Қапшағай қаласында,  
Мәдениеттің ұстап тұр бір билігін.

Ежелден елдің көркі болған қыздар,  
Қолда барды аялап қолдаңыздар.  
Бибігүлдей білікті, іскер қыздар,  
Отызында ойқастап орда бұзған.

Еңбек етіп талай жыл табандаған,  
БТИ - да ол білгір маман болған.  
Ақыл - ой, күш - жігердің арқасында,  
Қырықтың қырқасында қамалды алған.

Қадам басып тек алға қарыштады,  
Өрге сүйреп өмірдің ағыстары.  
Еркекпін деп көкірек кергендерден,  
Қыз да болса қаймықпай, қалыспады.

Қызметінің түсініп сырын терең,  
Биіктерге ұмтылды білімменен.  
Тамылжыған тамызда туғаннан соң,  
Жаны да жаздай болып күлімдеген.

Таныта білді жақсы ісін елге,  
Тіл табысып үлкен мен кішімен де.  
Қасиеті бойында толып жатыр,  
Бір шуақ есіліп тұр түсінен де.

Сол шуаққа біз де кеп жылынамыз,  
Тектігін тереңнен ұғынамыз.  
Жоғарыға ұмтылып келе жатыр,  
Қоғалыдай ауылда туылған қыз.

Өмірі көктемдей боп гүлдесін,  
Атағы алты Алашқа дүрілдесін.

Білгір басшы, адал дос, асыл ана,  
Ешқашанда жығылып, сүрінбесін.  
Жасына жас жамылып Бибігүлдің,  
Жаратқан ұзағынан өмір берсін!

*2017 жыл.*

## ҚҰРДАСТАРҒА

Елуге толған тарландар,  
Алда қанша арман бар,  
Әр шаңырақтың тірегі,  
Қанатың талмай самғандар.  
Тағыда елу жас жасаңдар,  
Аңдамай шал боп қалмаңдар  
Ердің жасы елуде,  
Айтарым менің сендерге,  
Жүзден ары бармаңдар.

## АМАН ЖҰР, АЙНАЛАЙЫН НҰРБОЛАТЫМ!

Тараған сақ үйсін мен көк бөріден,  
Шексіз арман арқалап шекті өмірден.  
Еліміз деп атой салса азаматтар,  
Баһадүр баба келет еске бірден.

Райымбек, Қабанбай, Бөгенбайдай,  
Батырсындар деп білем шеттеріңнен.  
Мереке құтты болсын, ал бүгінгі,  
Алтын қанат сарбаздар шепте жүрген.

Көтерген қазағымның мұң-намысын,  
Жігітсің қан майданда шындалатын.  
Сен едің құлаш жазар бір қанатым.  
Аман жүр, айналайын Нұрболатым!

*23 маусым 2018 жыл.*

## НҰРБОЛАТҚА

Шыңғыстау туған жерің ақынға бай,  
Шыңғыс шыңы өзінің атына сай.  
Сен туған қасиетті сол өлкеде,  
Дүниеге келген ғой хакім Абай.

Тарихқа тағылымды ғұмыры бар,  
Азаматсың өнердің сырын ұғар.  
Ата-бабаң алдында бағдаршамың,  
Жаратқан қолдап болсыншы жар.

\*\*\*

Ақ көңілді ардақты,  
Өнерлісің жан-жақты.  
Додаға түссен тұлпарсың,  
Топқа салса сұнқарсың.  
Бүгінгі баған осындай,  
Алла білер ар жағын.  
Аман жүрсін қасында,  
Балапандарың, жан жарың.  
Туған күнің құтты боп,  
Орындалсын арманың.

## ҒАЛИЯ КЕЛІНГЕ

Абырой атақ тауып жүрсін еңбекпен,  
Мәдениетін еліміздің өрлеткен.  
Алтын келін құлпыра бер көктемдей,  
Құтты болсын туған күнің төрлеткен!

## ЕРБОЛАТҚА

Ерболатым қызығым,  
Құтты болсын қызығың.  
Қосағыңмен қоса ағар,  
Өмірдің тойлап қызығын.

## ҚАПШАҒАЙДА ҚОС ЖҰЛДЫЗ

Уақыт-керуен, бізді алдыға тартады,  
Арайланып еліміздің әр таңы.  
Жиырма жыл, тәуелсіздік алғалы,  
Қазақ елі тойға жетті торқалы.  
Құттықтауға қапшағайлық халықты,  
Арамызға әнші келді арқалы.

Отыз бес жыл сахнада ән салған,  
Розаның дүрілдеп тұр данқы әлі.  
Құдай өзі әншілікті дарытқан,  
Алғыс қана арқалап жүр халықтан.  
Қаршадай қыз КСРО-ның кезінде,  
Қазақ атын барша әлемге танытқан.  
Ал бүгінде Роза - халық әртісі,  
Үлкен - кіші есіміне қаныққан.

Өрге қарай сүйреді оны осы өнер,  
Сырласы да, мұңдасы да, досы-өлең.  
Әуені әннің жан сарайын ашады,  
Ішкізгендей сары қымыз кесемен.  
Ішкен асын жерге қояр әр қазақ,  
«Рымбаева ән салады» десе егер.

Дауысымен сезім сырын селдетер,  
Жүрегіңнің нәзік қылын тербетер.  
«Туған жер» деп асқақтата шырқаса,  
Рух беріп көңілімізді өрлі етер.

Шыққан жері – шежірелі Шығысым,  
Мақтамайды сондықтан да ел бекер.  
Роза қызды ел бағына беріпті,  
Өнерімен елді өзіне елітті.

Ырысымыз арта түсіп онымен  
Тынысымыз тарылмастай кеңіпті.  
Ізін басқан өнердегі інісі,  
Дүлдүл күйші Айбек балам төрлетіп,  
Қапшағайға бірге еріп келіпті.

## АЙНҰРҒА

Жайқалып өскен Ай-гүлім,  
Киелі өнер айдының.  
Сол айдыңға шомылған,  
Ерекше болмыс айбыным.  
Орта бұзар отызың,  
Құтты болсын Айнұрым!

## ӘСЕМГЕ

Компанияда құрметті Әсем ханым,  
Жасайтын жоқты бар ғып қолдан бәрін.  
Төрт балаң, төрт құбыла, төрт тірегің,  
Осылардан көресің өмір мәнін.

Құтты болсын кеп жеткен жаңа жасың,  
Құрметті болсыншы әркез дара басың.  
Туған күнің құтты боп жаным Әсем,  
Әрдайым домаласын өрге тасың.

## МӨЛДІРГЕ

Көп адамдар расында,  
Сенбеп еді басында.  
Талантыңның деңгейін.  
Дәлелдедің расында.  
Кім не десе, о десін.  
Мәкәлайым жасыма,  
Шын жүректен тіледім,  
Туыстармен қосыла.  
Аман болсын әрқашан,  
Ата-анаң қасында.  
Алтын тәжбен таласа,  
Бақ кеп қонсын басыңа.



## ЖАҢҒЫРСЫН БАБАЛАР РУХЫ

Қош келдің Қапшағайдай текті елге,  
Кешегі Жібек жолы өткен жерге.  
Бабалар рухына тағзым ету,  
Дәстүрі бар ғой біздің көшпенді елде!

Бөлек би бір данасы бұл даланың,  
Халқының жақындатқан нұрлы арманын.  
Қашанда қазақ елі құрметтейді,  
Ұрпаққа ұран болған бабаларын.

Жаңғырып рухымыз алға асуда,  
Бабаның тағзым етіп бар басына,  
Елімнің ынтымағы арта берсін,  
Рухани байланыстар жалғасуда.

25.09.2019 жыл.

## АДАМДЫҚТЫҢ АҚ ТУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН

*(Қапшағай қаласының әкімі Нұрлан Орынбасарұлына)*

Кеменгерлер туады кең жүрекпен,  
Адамдықтың ақ туын желбіреткен.  
Халық үшін жаралған азаматсыз,  
«Елім» деп ет-жүрегін елжіреткен.

Ел басқару қиыны қиындардың,  
Қырқасынан өтіпсіз қиырлардың.  
Абыроймен атқарып қызметті,  
Арқалапсыз алғысын дүйім жанның.

Қолдадыңыз озық ой, жаңашылды,  
Көрсеттіңіз іспенен тамаша үлгі.  
Мінезің қарапайым мақтайтындай,  
Тәнтті еттіңіз осымен жас - кәріні.

## КЕРЗАМАН

Бұл заман биіктеткен аласаны,  
Қалталылар биікке таласады.  
Билікке жеткеннен соң бір-ақ мақсат,  
Билеп төстеп, жеу ғана қарашаны.  
Қарсылығын халықтың байқап қалса,  
Бюджеттің жағасына жармасады.  
Көкенің көмегімен шыққан таудан,  
Құлап түсіп қайтадан аласарды.  
Керзаман керілігі тоқтамай тұр,  
Биікпен теңестіріп аласаны.

## ҚАБДЫҒАЛИ АҒАНЫҢ МАҒАН БЕРГЕН БАТАСЫ

*Туған ауылым Құндыздыдағы «Байтөлек ата»  
атындағы мешітіне барғанымда, мешіт имамы Қабдығали  
ағаның маған берген батасы:*

Бисмилләһир-рахманир-рахим!

Имандылық ұясы болған ауылымыздағы мешітке  
келген әр қадамыңа бата.

Бір Аллаһ деп соққан жүректегі қалауыңа бата.

Іргелі шаңырақ Қыдырбай мен Күләштің үміт еткен  
ерке баласына бата.

«Арпа ішінде бір бидай» болып желкілдеп өскен зерек  
ақыл, зерделі ойлы, дара баласына бата.

Өмірді сүйген, мақсаты айқын, өресі биік ақыл-ой,  
санасына бата.

Ел жүгін арқалар, елуге келген ердің жасы әрбір айтқан  
нақыл сөзіңе бата.

Бойыңдағы барыңды, нәріңді, атаның емес адамдарға  
беріп жүрген кезіңе бата.

Туған жерім, елім деп соққан кеудеңдегі жүрегіңе бата.

Осының бәрін сыйдырған, дархан көңілімнің кендігіне  
бата.

Уа, Жаратушым, Раббым!

Серік атты пендене осындай дарын, табиғи  
жарасымды өң бердің, затына сай келешегіне ақжол тілеп,

ақ бата беруді жөн көрдім.

Иляһи аумин!

Әумин деп бата берейін,

Үстем болсын мерейің.

Ниет етіп қол жайдың,

Ақ батамды берейін.

Көтер Серік білекті,

Шын пейілмен тербеп іңкәр жүректі.

Бисмиләһпен бастап көрейін,

Ақ көңіл адал тілекті.

Әуелі құдай оңдасын,

Оң жолына бастасын.

Серігіме беріп шапағат,

Пайғамбарым қолдасын.

Ғайып Ерен қырық шілтен,

Әулиелер қолдасын.

Отбасы, жанұянда,

Еш жамандық болмасын.

Кеңгірбай би атаның киесі желеп жебесін,

Құнанбай қажы атанның даналығы демеу боп демесін.

Кетпес дәулет, кең пейілмен,

Қатар өссін мал басын.

Ақ көңіл адал ісінді,

Көре алмаған күншілерің оңбасын.

Жастық пен мастық қызықтап өткен 50 жасқа салауат,

Келер күндерімізге амандық бер, арамызға аманат.

Арғы атаң Арғынның айбатын берсін,

Ұлы атаң Нұркеннің қайратын берсін,

Қалдаман атаңның несібесі мен ырысын берсін.

Туған жерің Құндызды, Жүрекадыр, Ақ жазық,

Ақ даланың тынысын берсін,

Абайдай ұлы атаңның ақыл-ой парасатын берсін.

Мұхтардай мұхиттың дарханлығы мен кеңдігін берсін,

Ұстазың болған Шәкір атаңның атақ-данқ, абырой өрлігін

берсін.

Ұлылардың мекені болған Шыңғыстаудың төрінен едің,

Ұлылықтың нұр шуағын төгіп, алдыңнан шаша берсін.

Шәкір атаң шыққан батагөйлер елімнен едің,

Көңілің шалқып, мерейің қатарыңнан аса берсін.

Тіл менен сұғанақ көздерден аулақ қылғай,

Көре алмаған күншілдердің күңкілдеген сөзінен аулақ қылғай.

Жүз бір атты қатер, мың бір атты пәлелеріннен сақтап,  
Ғұмырың ұзақ, күндерін шуақты болғай.  
Қатарынның әркашанда алды боп,  
Баға жетпес Алмазың мен,  
Бала – шағанның қызығын көріп,  
Жандарың ешқашан жамандық көрмесін.  
Оңынан берсін, солынан берсін,  
Не берсе де Алла Тағалам,  
Үйіп – төгіп қайырымын молынан берсін.  
Осының бәрі кіндік қаның тамған,  
Құндызды, Жүрекадыр туған жеріңнің батасы.  
Ұрпағым деп еркелеткен Тобықты,  
Жөкең, Нүркедей еліңнің батасы.  
Төгілген күйдей, аспадаған әуендей,  
Андыздап соққан желіңнің батасы.  
Адам мен малдың шөлін қандырған,  
Құндыздыны қақ жарып аққан бұлағыңның батасы.  
Сай – саландағы көк желекті ақ қайың мен теректің батасы.  
Осының бәрі батамның нәрі дерсін,  
Аллаһ үйі мешіттегі ақ сақалды,  
Имамның осы айтқаны келсін.  
Аллаһу акбар!

*20. 07. 2009 жыл.*

## АҚТАҢГЕР ӘНШІ ӨМІРДЕН ӨТТІ

«Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейтінін» ескерсек, тірі кезінде пайғамбар атанбаса да, өзін қоршаған ортаның махаббатына шынайы бөленген, адами кішілігімен, сабырлығымен, зейін-зерделі азаматтық болмыс-бітімімен туған-туыс, ауылдастарының жүрегінен орын алған ақтангер әнші, қазақтың қарасөзін сазша илейтін тума дарын иесі-Ахат Мәдиев өмірден озғанына 40 күн толса да, өзі болмаса да рухы артындағы ел-жұртымен қауышып, еске алып жатқан жайы бар.

Ел-жұрты жиналған асында марқұмның мерейін тасытып, азаматтың азаматтығын айтып жатқандарда шек жоқ. Әке соңында қалған ұлы Серікбол жұдырықтай жүрегін қолына ұстап, әкесінің рухына тағзым етіп, әкесінің мәңгілік мекен

үйін қырқына жеткізбей тұрғызып қойды. Соңынан ерген үш қыз, бір ұлы және үш күйеу баласы, бір келіні, оншақты немере-шөберелері асқар таудай әкелері ел құлағында жүрсін деп естелік жазып жатырмыз.

Бұл естелігіміз өткенге құрмет, ата-баба рухын қастерлеудің үлгісі болып қалары анық. Жасынан зердесі ерекше жетілген Ахат әкеміз жетімдікті көп көрсе де, қажыры мұқалмай Біржан сал, Ақан сері, Ағашаяқ, Иманжүсіп, Абай, ауылдасы Шәкір сынды ақындардың ән-жырымен сусындап өскен. Әншілігін айтпағанда он саусағынан өнер тамған шеберлігі, техниканың тілін жетік меңгерген, электр жүйесінде айтулы маман болды. Жаһандық өзгерістерді жат санамай жіті бақылап отыратын, саясатқа сын көзбен қарап, өз ойын өре білетін сыншыл да сырбаздығы тағы бар. Жеті өнерді жетесіне жеткізе білген асыл ер, аяулы әке елінің топ бастайтын серкесі, той бастайтын еркесінің бүгін орны ойсырап қалды.

Түссе де жасымаған сан сынақтар,  
Ағады артта қалған балбұлақтар.  
Ұрпағың есіміңді сөндірмейді,  
Жанады өзің жаққан шам-шырақтар.

Күренденіп қабағын суытпаған,  
Кездессе де тілі ұшқыр уытты адам.  
Жетімдіктің түссе де қыл бұрауы,  
Ұрпағына жамандық жуытпаған.

*25 маусым 2013 жыл.*

## **КЕЛМЕСТІҢ МІНІП КЕТТІ КЕМЕСІНЕ**

*(Анамыз Оралғайшаның рухына)*

Алланың ісіне не шарамыз бар,  
Сұм ажал алып кетті арамыздан.  
Орыны бөлек жан еді ел-жұртына,  
Айырылдық Оралғайша анамыздан.

Оның жарқын бейнесі шуақ шашқан,  
Ешқашан өшпек емес санамыздан.

Таудан аққан тұмадай тұнық еді.  
Алланың ақ жолымен жүріп еді.

Алты ай бұрын артына тастап кеткен,  
Жұбайымен мәнді өмір сүріп еді.  
Қанша жылдар өтсе де тот баспайтын,  
Екеуі де алтынның сынығы еді.

Қабырғасы қайысып жатыр елі,  
Өйткен олар өнерге жақын еді.  
Ахат әке ән салса домбырамен,  
Оралғайша анамыз акын еді.

Мінезі анамыздың тамаша еді,  
Жақын түгіл жатқа да құшақ ашты.  
Кұрсағынан көтерген төрт бала емес,  
Ол бүкіл ел-жұртының анасы еді.

Жан еді жаны дархан өнегелі,  
Кеңге жайып жүретін керегені.  
Үлкенге де кішіге құрақ ұшып,  
Талайды қолтығынан демеп еді.

Құндыздыдан жететін Қапшағайға,  
Көру үшін немере, шөберені.  
Жетпіс жастан енді ғана асқанында,  
Жақсы адам ғайып болды қас - қағымда.

Келместің мініп кетті кемесіне,  
Жалғыз ұлға мұраны тастады да.  
Жарқыраған бір жұлдыз ағып түсті,  
Абай туған өлкенің аспанында.

*16 желтоқсан 2013 жыл.*

**ТЕКТІЛЕРДІҢ ЖАЛҒАСЫ, ТҰЯҒЫСЫҢ**

*(Сламбай құдаға)*

Арқалап елінің жиі алғысын,  
Азаматсың, арлысың, зиялысың.  
Жүзі-жарқын, жаны алтын, қолы-жомарт,  
Тектілердің жалғасы, тұяғысың.

Жас ұрпаққа көрсетіп тозбас үлгі,  
Жолға тастап кетпейсің жолдасыңды.  
«Сыйлағанның құлы боп» жүре аласың,  
Сыйлата да білесің өз басыңды.

Маңдай термен жинапсың ырысыңды,  
Дөңгелетіп жүресің жұмысыңды.  
Алпыстың арғымағын міндің міне,  
Ырыздыққа толтырып уысыңды.

Не екенін көрсеттің өнегенің,  
Сондықтан да көтерер төбеге елің.  
Қамқор әке, адал дос, сыйлы құда,  
Атасысың бірнеше немеренің.

Ақ қырау түссе - дағы шашыңа кеп,  
Біз амандық тілейміз басыңа тек.  
«Алпыс-тал түс» дейді екен қазақ елі,  
Жүз жасаған әкейдің жасына жет.

*2014 жыл*

**БАТА-ТІЛЕК**

Алдында ақыл айтар – ағаң болсын,  
Сезімтал соңына ерген – інің болсын.  
Дұшпаныңа белгісіз – сырың болсын,  
Досың ғана білетін – мінің болсын.  
Кемелді келелі істі ашып айтар,  
Жол көрсетер басшыңыз – ірі болсын.  
Жақсы менен жаманды ажыратар,

Ақиқатты айта алар – тілің болсын.  
Осы алтауы түгесіп, түгенделіп,  
Жаратқан жарылқайтын күнің толсын.  
Адамның айбынынан сескенбегін,  
Бір Алла сыйынатын пірің болсын.  
Әумин!

\*\*\*

Сұрасаң бата берейін,  
Үстем болсын мерейің.  
Ықыласпен қол жайсаң,  
Ақ тілекті төгейін.  
Дастарканың мол болсын,  
Абыройың зор болсын.  
Үйдің әрбір бөлмесін,  
Мол қуаныш кернесін.  
Ұл мен қызың ержетіп,  
Білімге құлаш сермесін.  
Туған-туыс, жекжатың,  
Еш жамандық көрмесін.  
Әумин!

\*\*\*

Кемістің кемтігін толтыр,  
Олқының орнын толтыр.  
Үйсізге – үй,  
Күйсізге – күй,  
Баласызға перзент бер.  
Басқа амандық,  
Елге тыныштық,  
Басшыға хидаят бер.  
Ұрпақты – саналы,  
Қызды – ұятты,  
Ұлды – ұлықты,  
Келінді – ибалы ет.  
Отбасына береке бер,  
Төзімдіге төгіп бер,  
Төзімсізге – төзім.  
Сезімсізге – сезім  
Ар, ұят, иман, сенім бер.  
Әумин!



\*\*\*

Жаратқан Ием,  
Мұсылманға пана бол,  
Жетімді жебе – жылатпа.  
Қазақты төмен каратпа,  
Көк байрағын шаншылтып,  
Назарын жұрттан биік қыл.  
Халқымның бірлігін,  
Жерімнің тұтастығын,  
Тәуелсіздіктің баяндылығын,  
Тілімнің мәңгілік ғұмырын бер!  
Әумин!

### СҮНДЕТ БАТА

Таудай болсын талабың,  
Мұсылман болдың қарағым.  
Кемеңгердің алғыр ойын берсін,  
Екі дүниенің абыройын берсін.  
Дастарқаныңа береке,  
Бастарыңа береке берсін.  
Сәтті болсын әр ісің,  
Берген батам дарысын.  
Әумин!

### ТЕРІС БАТА

Құдайдың берген бағын басына теп,  
Өсекшілер жиналсын қасыңа кеп.  
Жарың айтса бір сөзді итше ырылдас,  
Өзіңдікі жөн болсын-өзіңе тек.

Сыйласқан мың күндігің бір күнге есеп,  
Сөз ұқпа сенікі жөн басқасы есек.  
Абырой-атақ, арды ойлап әуре болма,  
Ақыл айтса жақсылар дей сал өсек.

Өзіңнен басқа жанның сөзін ұқпа,  
Ерегес-айтыс, тартыс, қорқып бүкпа.  
Жақсының айтқанына елең қылма,  
Өсекші әзәзілдердің сөзін құпта.

Сонда ғана жетесің мұратыңа,  
Молаяды күш-жігер қуатың да.  
Туыстың әр сөзінен кінә ізде,  
Сол дұрыс өзінді-өзің жұбатуға.

Бетсіздіктен бақ шапсаң,  
Ақты жақтап не етесің.  
Аққа қара жаға сал,  
Жеңіске сонда жетесің.  
Ақ бол мейлі, қара бол,  
Фәниден бір күн кетерсін.

Осы батам ұнаса,  
Санаңа тоқып жазып ал.  
Ұнамаса бұл батам,  
Оқы да, жыртып тастай сал!

## БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Спорт алаң ашылғалы тұр бүгін,  
Жандандырып ауылымыздың тірлігін.  
Заречныйда бұрын-соңды болмаған,  
Айтар болсақ егер сөздің шындығын.

Бала - деген ол бақыт қой фәниде,  
Бала - деген қуаныш қой әр үйде.  
Балаларға арналыпты бұл алаң.  
Әкімшілік қолдауымен әрине,

Өркендеген ауыл үшін көрік бұл.  
Көз қуанып, көңіліміз толып тұр,  
Қасиетті Ораза айы тұсында,  
Ашылғаны сауапты іс болып тұр.

Біздің ауыл шықты жаңа белеске,  
Осы күнді сақтап жүрер ел есте.  
«Балаларды қорғау күні» болған соң,  
Балаларға үлкен сыйлық емес пе?!

Төбемізде тұра берсін күн күліп,  
Игі істерді біз жүрейік үлгі ғып.  
Атсалысқан атқамінер жандарға,  
Қояйықшы үлкен алғыс білдіріп.

### КОРОНОВИРУС

Бұл ғажапты қарашы,  
Вирустардың ішіндегі дарасы.  
Томаға киіп, тұмшаланып адамзат,  
Қатты састы бүкіл әлем даласы.

Жан олжа боп сын сағаты сүрінген,  
Оянғандай саудагердің санасы.  
Удай ашты лимон да шарықтап.  
Көкке ұшты имбирдің де бағасы,

Тегін берсең алмайтұғын маска да.  
Дефицитке айналуын қарашы,  
Жетер осы тоқта сынның сағаты,  
Саулап ақсын тірліктің құмсағаты.

*27.07.2020 жыл.*

### АЛПЫС ЕКІ ЖАСТАМЫН

Жатырқамай бұл жасты,  
Қарсы алуға дайындалдым.  
Алпыс екі жастың мен,  
Тұғырына жайландым.  
Ақ тілекті ақтарған,  
Ағайын, туыс, бауырлар,  
Жүректеріңнен айналдым!

**ЖЕКЕ ШУМАҚТАР**

Армысыздар ағайын,  
Аппақ қардай көңілі.  
Шат-шадыман өмірі,  
Ежелден елге құт мекен-  
Қапшағайдың өңірі.  
Тудырған небір дарынды,  
Ақындарын арынды.  
Әншілерін сал көмей,  
Жандырған талай бағыңды.  
Шешендерің – шежіре,  
Тағдыры бар тағылымды.  
Батырларын бір төбе,  
Биік қойған арынды.  
Ұрпағы бар тектінің,  
Ұлықтаймын бәріңді.  
Қапшағайдай елімнің,  
Шоқан асқан белінен,  
Сәлем бердім жалынды.

\*\*\*

Алпыс екі тамырың иді өлеңге,  
Төл өнерді не жетсін үйренуге.  
Көңілдердің күмбезін күмбірлетер,  
Жаным менің шалқиды ән дегенде.

\*\*\*

«Қапшағайда теңіз бар  
Одан басқа неңіз бар?»  
Деменіздер ағайын,  
Өнерге де негіз бар.  
Елдің атын шығарған,  
Дарынды көру – бір арман.  
Өнерін байқап солардың,  
Шығыңыздар құмардан.  
Ахатқызы Алмаздың,  
Үні ән боп таралған.

\*\*\*

Жетелейді қанша үміт қанша арманға,  
Есті әнге не жетеді тамсанғанға.  
Алты қырдың астынан естіледі,  
Құрманәев Әскербек ән салғанда.

\*\*\*

Көңіліміз көл болсын,  
Сезіміміз сел болсын.  
Домай Нұрбек өнерін,  
Өнерсүйгіш ел көрсін.

\*\*\*

Қапшағайым өнерлінің мекені,  
Отбасылық ансамбльдер жетеді.  
Құт дарыған Қыдырбайұлы отбасы,  
Мүшелері бірінен-бірі өтеді.  
Өнер десе жан дүниесі тебіреніп,  
Ішкен асын жерге қойып кетеді.

\*\*\*

Қызыққа, қуанышқа тамсанайық,  
Жапанға жақсылық деп жар салайық.  
Қиял құстың ағытып жібек бауын,  
Кел қосылып екеулеп ән салайық.

\*\*\*

Өнерді өгейсітіп сыртқа тепкен,  
Парықсыз даңғойлықтың күні өткен.  
Биылғы жыл Мәдениетті қолдау жылы,  
Аялайық өнерді жапа шеккен.

## ТУҒАН КҮНГЕ АРНАУ

**Атасынан немересіне:**

Құлыншағым Құнанбай,  
Биікке самға қырандай.

Заманада сөйлеген,  
Әр сөзің болған ұрандай.  
Қолдап жүрсін әрдайым,  
Ардақты атаң Құнанбай.

#### **Атасына немерелерінен:**

Сіздей атамызға,  
Тілеген дұға - батаңызға.  
Сіз де ұқсаңыз ардақты ата,  
Құнанбайдай аты аңызға.

### **ҚАПШАҒАЙ ГИМНІ**

*Сөзі: Серікболсын Қыдырбайұлы  
Әні: Амалият Бұхас*

Асау іле тыныстаған,  
Тынысынан ырыс тамған.  
Байлық, бақыт, құт дарыған,  
Сендей қала қайдан табам?!

#### **Қайырмасы:**

Қапшағай, Қапшағай,  
Күлімдеп атқан ақ таңдай.  
Ұрпағың зерек,  
Еліме керек.  
Елім деп өсіп,  
Елім деп туған,  
Ерлерің бөлек. **2 рет**

Керім Іле арнасында,  
Қапшағайдың қаласында.  
Келешегі кемел деп,  
Мақтау айтқан Елбасыда.

#### **Қайырмасы:**

Жібек жолы ізі қалған,  
Ата-баба қаны тамған.  
Абылайдың ақ нары кеп,  
Мәңгілікке дамылдаған.

### Қайырмасы:

## ШАШЫЛЫП ТҮСКЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

1. Шындығы жоқ жердің шырғалаңы көп болар.
2. Ру жоқ жерде ақыл айтар ақсақал, не би жоқ. Арқа коздырар ортақ ұран жоқ. Ұран жоқ жерде айқай салып, атқа қонар батыр болмайды. Ұрансыз елде күнкөріс қамы демесең, ел намысын ойлар пенде болмайды.
3. Жер басып жүрген әр жеке адам өз елімен тағдырлас. Еліннің тасы өрге домалап, туы биікте желбіреп тұрған кезде сен де өрсің, өжетсің.
4. Ел еңсесі еңкейсе хандарда қасиет қалмайды, батырың жалтақ тартады.
5. Қазақ деген есігінен кіргенді төрге сүйреп, бесігінен тұлғаны шығарған ел. Жаудың қызын олжалап, жаужүрек ұл таптырған ел.
6. Сенім жоқ жерде сергелдең билейді.
7. От пен суға суғарылған қылыштай тіліп түсер тілін болсын.
8. Сауға бас – саңырауға құлақ қайғы.
9. Тай сойып, тайқазанға сал.
10. Басына бақ дарыған бағылан.
11. Тар бесікті тарсынып, кең даланы көкसेген.
12. Арасына сөзінің қылыш шапса кеспеген, қыл жүгіртсен өтпеген.
13. Сөздің сұлуы сауып сөйлеу.
14. Ұяны торып жүрген жылан емес, қияны шолып жүрген қыран едім.
15. Өлеңнің жеткенін жайып айт.
16. Құлағына су кірген ат сияқты.
17. Кемені су жұтқанын тілегенше,  
Дұрыс болар желкенін үрлегенін.
18. Сейіліп көз алдымның көк тұманы.



Анасы Гүлжамал Қоныртайқызы



Әкесі Қыдырбай Бекбосынұлы



Үлкен апайы Мәрзия



Апайы Күлзия





Апайы Рыскайша, карындасы Гүлсіммен



Жездесі Өкен, апайы Үмітқайша, жиендері Руслан, Ризабек.



Қарындасы Шолпанмен



Қарындасы Бақыт



Қарындасы Гүлсім



Қарындасы Дариға



Ағасы Белетбаймен



Кенже қарындасы Мейрамгүлмен



Секеннің ұстазы, абыз ақын Шәкір Әбеновпен бірге жүрген күндерінен естелік болып қалған бір мезет



Қайын атасы Ахат, қайын енесі Оралғайша балдызы Бауыржанның тойында



Әулеттің қазіргі үлкені Орынғазы ақсақал



Аға-женгесі Токтарбек, Қайыныш



Туған жері Құндыздыда Шәкір Әбеновтың 90 жылдық мерейтойы



Серікболсын Шәкәрім ролін сомдауда



Секен туыскандарынын оргасында



Құдасы Сламбай, құдағиы Еркежанмен



Зайыбы Алмаздын анасы Оралғайша, бажасы Сағынай,  
балдызы Серікболмен



Туыскандар бас косканда





Құдасы Жұмабек, құдағиы Айгүлмен



Әр іс-шараның алдында отбасында дайындық болатын



Қапшағай қалалық мәдениет үйінің ұжымы



Алматы облысының әкімі Аңсар Мұсахановтың  
Республикалық «Мерейлі отбасы»  
байқауының жүлдесін тапсыру сәті



Қапшағай қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді  
дамыту, спорт бөлімінің басшысы Бибігүл Шәйкеновамен  
мерекелік іс-шарадан кейін



«Шыңғыстау» халықтық - отбасылық ансамблі



«Қапшағай толқындары» вокалды-аспаптық ансамблі Қапшағай әлеуметтік қызмет көрсету орталығына концерт қоюға барғанда



Секең сахна төрінде Керей ханның бейнесін сомдауда



Қапшағайлық әріптестері акындар мен сазгерлердің ортасында



Наурыз тойында Қыдыр баба рөлінде



Қапшағай қаласы әкімі орынбасары Ахтанберді Қалкабай Секеңді 60 жылдық мерейтойымен құттықтауда



Ақын Алтыншаш Жақиянова Секеңнің 60 жасқа толған мерейтойында жырдан шашу шашты



Солдан онға карай: ұл-келіндері Ерболат-Әсел,  
Айбек-Мәдина, іні-келіні Нұрболат-Ғалия



Қыздары Әсем, Айнұр, Мөлдір, інілері Нұрболат, Балтабек





Кенже кызы Мөлдірмен



Тўнгиш немерелери Қўнанбай мен Инкәр



Немерелери Ерасыл, Әмина, Шырын, Айкүнім, Айару



Атасы немерелерімен



Немерелері Әлімжан, Бегдиармен

19. Қыңыр салған солақай соқпақ ертең-ақ шұбырынды жолға айналады.
20. Тауыққа тарыдай боп ақыл бітсе - үйрекке үйреткісі кеп тұрады.
21. 130 ұлт пен ұлыс қатар сыйған Алаштың ақ бесігі аяулы.
22. Алаштың даласына Аллаһ - адамзатқа жететін ырыздық берген.
23. Қазақ әлемнің картасына шекарасын найзасының ұшымен сызып берген.
24. Шабыты шалқар көлше шайқалып.
25. Көктемге әзер жеткен кәрі қойдай.
26. Бейбіт елдің берекесі, ағайынның сый-сияпаты.
26. Батырлық, ерлік бағаланған жерде мәрттік, адамгершілік бірге жүретіні ақиқат.
27. Өнер дегеніміз - адамның бойындағы қабілеттің ең биік көрінісі.
28. Музыканы сүю үшін ең алдымен оны тындай білу керек.
29. Ән - халық үні, оның шындығы, оның ой мен сезімі.
30. Музыка - күллі өнердің ішіндегі ең құдіреттісі, ең әсерлісі.
31. Өнер шың мәнінде адамгершілікті дәріптесе ғана құрмет пен сүйіспеншілікке бөленеді.
32. Елдің елдігі, ердің ерлігі – атыс-шабыс аттаныста ғана емес, салтанат сәнінде, сарқылмас әнінде жатады.
33. Туған елің – тұмарлы тұлпарың.
32. Ұранды елдің ұрпақтары бәріне сәлем бердім. Рухты қозғайтын Ұлы Жеңіс – ол бабалар жеңісі. Ата – бабадан біз үлгі болар, мақтан тұтар іріліктер өте көп. Осы бір сайын дала сайыпқырандарын дәріптеу бізбен тоқтап қалмасын деп тілейік!

## **«ШЫҢҒЫСТАУ» ХАЛЫҚТЫҚ - ОТБАСЫЛЫҚ АНСАМБЛІ**

«Шыңғыстау» халықтық-отбасылық ансамблі 2004 жылдан Қапшағай өңірінде үздіксіз жұмыс істеп келеді. Сегіз адамнан құралған, фольклорлық ұжым шығармашылық жұмысында жанр түрлерін кеңінен қамтыған. Атап айтсақ, дәстүрлі және эстрадалық әндер, жеке домбырада, қобыз аспабындағы күйлер мен шығармалар орындайды. Халықтық – дәстүрлі фольклорлық туындылар отандық және шетел

үлгілерімен репертуарлары байытылған. Ансамбльде екі Бүкілодақтық фестивальдің лауреаты бар.

«Шыңғыстау» отбасылық-халықтық ансамбліне 2009 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің №179 санды бұйрығына сәйкес «Халықтық» атағы берілген.

Ансамбль құрамында 8 адам бар.

Қыдырбайұлы Серікболсын – ансамбль жетекшісі (бас домбыра)

Мәдиева Алмаз –ансамбль әншісі (асатаяк, шаңқобыз)

Бекбосынов Нұрболат – дәстүрлі және эстрада әншісі, күйші, (домбыра)

Бекбосынова Гүлсім – дәстүрлі әнші, күйші (домбыра)

Бекбосынова Айнұр – эстрада және фольклор әншісі, биші (қобызшы)

Жүнісбекова Әсем – эстрада және фольклор әншісі (сырнай)

Серікбосынова Мөлдір – эстрада және фольклор әншісі, биші (дауылпаз)

Бекбосынова Мейрамгүл- эстрада және фольклор әншісі.

## ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІРБАЯН

Серікболсын Қыдырбайұлы БЕКБОСЫНОВ 1958 жылы 27 наурызда Семей облысы (Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Абай ауданы, Құндызды ауылында дүниеге келген. Он жасынан қолына домбыра алып, ән айта бастаған. 1978 жылы Семей қаласындағы М.Төлебаев атындағы музыка училищесіне оқуға түсіп, 1981 жылы оқуын тәмамдап, еңбек жолын 1981 жылы Құндызды ауылдық клубының меңгерушісі қызметінен бастады.

1982 жылдан Елбасына бата берген, батагөй қария, халық ақыны, композитор Шәкір Әбеновтің ән мұрасын зерттеу, орындаушы және Шәкір әндерін насихаттаушысы болды. 1983-1990 жылдары «Қаламқас» ән-би ансамблінің солисті және домбырашысы, халық театрының актеры ретінде жұмыс істеді. Шәкәрім Құдайбердіұлының образын сахнада тұңғыш сомдаған актер. 1986 жылы Бүкілодақтық фестивальдің лауреаты атанды.

1992 жылы Семей қаласында Абай, Шәкәрім, Шәкір әндерінен өткен байқауға қатысып, жүлделі бірінші орынды

иеленді. 1990-1995 жылдары Абай аудандық саз мектебінің домбыра және дәстүрлі ән сыныбының оқытушысы болып жұмыс істеді. Ол 1989-2006 жылдары музыка және өнер мектептерінде, Қапшағай қаласындағы Балалар шығармашылық орталығында жасөспірімдерді өнерге баулуда, рухани-эстетикалық тәрбие беруде, халықтық дәстүрлі әндер шығармашылығын дамытуда үлкен шеберлік көрсеткен ұстаз. Шәкірттері 2004-2006 жылдары Венгрияда, Испанияда және Мәскеу қаласында өткен халықаралық байқауларға қатысып, лауреат, дипломант атанды.

2004 жылы Серікболсын Қыдырбайұлы Қапшағай қалалық мәдениет үйінің жанынан «Шыңғыстау» отбасылық-фольклорлық ансамблін құрды. 2009 жылы 23 желтоқсандағы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің №179 бұйрығына сәйкес, «Шыңғыстау» отбасылық ансамблі «халықтық» атағына ие болды.

2006 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің психология факультетін «педагог-психолог» мамандығы бойынша бітірген соң, 2017 жылға дейін Қапшағай қалалық мәдениет үйінің директоры болып қызмет атқарды. 2017 жылдан өмірінің соңына дейін Арна ауылдық мәдениет үйінің директоры болып абыройлы еңбек етті.

Серікболсын Бекбосынов 1995 жылы Семей облыстық оқу бөлімінің Құрмет грамотасымен, 2005 жылы Қапшағай қалалық дәстүрлі ән байқауының «үздік әншісі» атанып, қала әкімінің Құрмет грамотасымен, 2007 жылы Алматы облыстық отбасылық ансамбльдер байқауында бас жүлдені иеленіп, I-дәрежелі дипломмен, 2009 жылы Алматы облыстық мәдениет басқармасының Алғыс хатымен, 2011 жылы Алматы облыстық шығармашылық орталығының Құрмет грамотасымен, 2012 жылы Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясында Алматы облысы мәдениетінің дамуына қосқан елеулі үлесі мен жемісті еңбегі үшін облыстық маслихат хатшысының Құрмет грамотасымен, 2012 жылы Алматы облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

2014 жылы Астана қаласының ұлттық бизнес рейтингісінің қорытындысы бойынша Қапшағай қалалық мәдениет үйі «Үздік мемлекеттік мекеме-2014», Серікболсын Қыдырбайұлы «Үздік мемлекеттік мекеме басшысы-2014» номинациясы бойынша ұлттық сертификатпен және төсбелгісімен марапатталды.

2016 жылы «Қапшағай самға» мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамдық бірлестігінің Алғыс хатымен, 2017 жылы Қапшағай қаласы әкімінің Алғыс хатымен, 2018 жылы «Үздік мәдени ұжым» номинациясы бойынша Қапшағай қаласы әкімінің Алғыс хатымен, 2018 жылы Алматы облысы әкімі Амандық Батталовтың «Үздік мәдениет қызметкері-2018» номинациясының жеңімпазы дипломымен, 2018 жылы ҚР Мәдени саясатының тұжырымдамасын жүзеге асыруға атсалысып, облысымыздың мәдени даму жолында, елміздің әлеуметтік-рухани құндылықтарын дәріптеудегі қомақты үлесі үшін «Шыңғыстау» халықтық-отбасылық ансамблі Алматы облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ақан Әбдуәлиевтің Құрмет грамотасымен, 2018 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы әкімі Ж.Байсабыровтың және Шығыс Қазақстан облыстық мәдениет басқарма басшысы А.Мухамедчиновтің Алғыс хаттарымен, 2020 жылы Қапшағай қаласының 50 жылдығына орай мерекелік төсбелгісімен марапатталған.

«Астананың 10 жылдығы», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» медальдарының иегері.

*Екінші бөлім:*

## СӘУЛЕЛІ ҒҰМЫР

---



### ҚҰТТЫ БОЛСЫН 60 ЖАС

Құтты болсын 60 жас Серік аға,  
Талайларға боп жүрген қазір жаға.  
Құндыздыда мұғалім болып жүріп,  
Қапшағайға жол тартқан жортып дара.

Түренді тың жерлерге салады ер,  
Қапшағай қоныс болған сіздерге жер.  
60 жас ағамыздың тойына деп,  
Ауылдан келіп қалды бір қауым ел.

Келгені, сізді аға сыйлағаны,  
Туыстық қаны ойнап, қалмай жаны.  
Ысқақовтар әулетінен келіп тұрмын,  
Сәлемін арқалатқан маған бәрі.

Сәлемін ағайынның жеткізейін,  
Жүрші аға ортамызда жүзге дейін.  
Анамыз беріп жіберген бұл шапанды,  
Келші аға, өзіңізге кигізейін.

Кигенің әр қашанда шапан болсын,  
Ағайын, туысқанмен орта толсын.  
Ұл-қызың қуанышпен қуантсын да,  
Жеңгеміз әрқашанда аман болсын.

*Тілек білдірушілер: Тоқтарбек - Қайныш, Нұрлан - Гүлсім.*



**АТЫ ШЫҒАР АҚЫННЫҢ ХАЛҚЫМЕНЕН**

Келіп тұрмыз торқалы алпысыңа,  
Келдің бәлкім өмірдің жартысына.  
Алшаң басып енді 60 жасап жібер,  
Шыдап бағып өмірдің тартысына.

Өнеріңе мына елің табынғандай,  
Дом культуран өзінді сағынғандай.  
Қап түбінде жатпайды асыл пышақ,  
Жарқырайсың екеуің лағылдардай.

Абай туған жаралған топырақтан,  
Құрмет көрген, сый көрген атыраптан.  
Әнші Серік, атанған ақын Серік,  
Жүрген жерін өнермен қақыратқан.

Емен басы ешкімге иілмеген,  
Алпысқа кеп қапты биыл деген.  
Арнауымды оқиын аңыратып,  
Осы болсын алатын сыйың менен.

Қуат алып Қапшағай толқынынан,  
Токсанға кел кеудеңе толтырып ән.  
Алмазың мен екеуің қартайғанда,  
Ұл-қыздарың демесін қолтығыңнан.

Сегіз қырлы, бір сырлы шебер едің,  
Өрге жүзсін қашанда кемелерің.  
Қатар келе жатқанда екеуіңнің,  
Қуанамын көрінсе төбелерің.

Алпыс деген алты асу, алты белең,  
Құттықтайын қазақтың салтыменен.  
Алпыс деген бұл бәлкім талтүсің-ау,  
Аты шығар ақынның халқыменен.

Алпыс жасқа келіпсің Серік құрдас,  
Мен өзіңнен кішімін толық бір жас.  
Біз көшіп кеп Ақсуат, сен Абайдан,  
Қапшағайда кетіп ек болып сырлас.

Бірге жұттық ауасын Қапшағайдың,  
Жеңешеңмін аузыңнан тастамайтын.  
«Өлең оқы, жеңге» деп өгінеді,  
Менсіз тойды түрі бар бастамайтын.

Алпысқа кепті Серік асқаралы,  
Арнаның мәдениетін басқарады.  
60-ын ақынның тойлап жатыр  
Дүркіретіп қаланың қасқалары,  
Құтты болсын мерейтой асқаралы!

## ШЕТТЕРІҢНЕН ӨНЕР ҚОНҒАН ӘУЛЕТІҢ

Жанашыр досым, өнердегі сырласым,  
Біздер үшін артық сенің бір басың.  
Қапшағайды гүлдендіріп өнермен,  
Зыр жүгіріп жүрген өзің, құрдасым.

Дұшпаныңды ептеп жеңіп келесің,  
Биік болсын шығар шыңың, белесің.  
Көрген жерде көкке өрлеген теректей,  
Еркелетіп «жеңеше» деп келесің.

Шеттеріңнен өнер қонған әулетің,  
Арта берсін әрқашан да дәулетің.  
Отбасыңмен сахнада жарқылдап,  
Кіргізе бер қаламыздың сәулетін.

Айнұрың да, Мөлдірін де қалмасын,  
Өзіңе сай жолыққан жан Алмазың.  
Елуімді құттықтауға жұртым боп,  
Қапшағайдан жалғыз өзің барғасын.  
Сондықтан да құрметпенен өзіңе,  
Ақын жеңген бір өлеңін арнасын!

**Алтыншаш ЖАҚИЯНОВА,**  
*ақын.*

## СЕРІК ЕТКЕН СЕГІЗ ТҮРЛІ ӨНЕРДІ

Шыңғыстаудан шыққан шайыр, акын көп,  
Өлеңдері тарап кеткен нақыл боп.  
Серікболсын сескенбепті солардан,  
Ақындыққа бұрған екен атын кеп.

Алты Алаш білетұғын атағын,  
Дара тұлға – Абай менен Шәкәрім.  
Серікболсын нағыз сабаз екен ғой,  
Жолын қуған дәл осындай атаның.

Зердесі бар жанның бәрі ұғынар,  
Ақындықтан ауыр, батпан жүгі бар.  
Шәкірт болған шежіре шал Шәкірге,  
Шыныменен жүрегінің түгі бар.

Әншілігі, шешендігі бір төбе,  
Ел білетін талай жақсы қыры бар.  
Әлі талай жазылмаған жыры бар,  
Ақын жанның елге айтпаған сыры бар.

Серік еткен сегіз түрлі өнерді,  
Қыдырбайдың қыдыр қонған ұлы бар.  
Көңілденсе шашатұғын нұры бар,  
Жақпай қалсаң қырып кетер түрі бар,  
Серікболсын ағамызды біліп ал.

**Берік БАЙЛОВ,**

*ақын*

## АҒАМА

Алды - артына қарамай, қылаң берген әр тұста,  
Өтіп жатқан заман – ай, ағам да кепті алпысқа.  
Құтты болсын деп келгем, алпысқа келген жасыңыз  
Әке - шешеміз жетпеген жүзден ары асыңыз.

Туысқандар да бар екен, бірге туған өлкеден,  
Қуанышқа ортақ боп Сарыарқадай сары белден.

Достарыңыз да келіпті Шыңғыстаудай кең төрден,  
Ақ тілектерін арқалап құда – жекжат та бар келген.

Дүбірлетіп той жасап, елге қуаныш сыйлаған,  
Алпыс жасын тойласақ дүйім жұртқа сыйла ағам.  
Пайғамбар жасқа келдіңіз, қуаныш тойлап жатырмыз,  
Жақсы – жаман көрдіңіз, тәуба ғып біз де отырмыз.

Тойға ұлассын тойыңыз, оңынан туып күнініз,  
«Кәрімін» деуді қойыңыз, ойнап та күліп жүріңіз.  
Қымбат болсақ сіз үшін, ұзақ өмір сүріңіз,  
Амандығың керек біз үшін, осыны ғана біліңіз.

**Ініңіз НҮРБОЛАТ**

*06.04.2018 жыл.*

## **...ӨТКІР СӨЗ, АБЫРОЙЛЫ ІСТЕН ҚУАТ АЛАМЫН**

Қала өміріндегі мәдениет саласының дамуына бірден бір үлесін қосып жүрген, тынымсыз еңбектің арқасында үлкен нәтиже көрсетіп, түрлі мадактардың иесі атанып үлгерген, отбасылық өнерді қатар ұштастыра білген қаламыздың мәдениет қайраткері, халық ақыны Шәкір Әбеновтың шәкірті Серікболсын Қыдырбайұлын барша қала тұрғындары танып, ерекше сыйлайды десем артық айтқаным емес. Биыл алпыстың асқарына шығып отырған Серікболсын аға қала тұрғындарына есеп беру кешін ұйымдастырып, елдің батасы мен алғысын алды. Қызметте де, отбасында да беделі биік кейіпкерімізді бүгінгі сұхбатымыздың қонағы болуға шақырған болатынбыз.

**-Қош келдіңіз, Серікболсын Қыдырбайұлы! Асқаралы алпыс жасыңыз құтты болсын, мәртебеңіз арта берсін. Сұхбатымыздың алғашқы сұрағын қызметіңіздегі соңғы жаңалықтардан бастасақ...**

**-Мәдениет – халық өмірінің айнасы. Мәдениет ол қалыпты сала. Жас ұрпақты ұлттық рухта, эстетикалық тәрбиелеуде маңызы зор сала. Өзіміз мәдениет саласында қызмет еткеннен кейін, жаңашылдықтың болғанын қалаймыз. Ал қызметтегі жаңалық деп ең басты Елбасымыздың Жолдауы**

аясындағы жұмыстарын айта аламыз. Яғни, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын халық арқасында насихаттап, сол бағытта жұмыстар жүргізілуде. «Рухани жаңғыру» дегеніміздің өзі түп тамырымыздан бергі тектілікті түзеу, жоғалтқаныңды іздеп табу. Сондықтан барынша халыққа ұмыт болып бара жатқан дүниелерімізді жаңғыртып, іске асырып жатқан жайымыз бар.

Қазіргі таңда Арна ауылындағы мәдениет үйіне басшылық етудемін. Ауылдың жағдайын жақсартуда жоспарда көптеген дүниелер бар. Мәселен, ұлттық бұйымдар, аспаптар жасау. Шеберлердің басын қосып, балаларға арналған үйірме ашсам деген арманым бар. Бұл енді алдағы уақыттың еншісінде. Ал жеке өз басыма келсем, үстіміздегі жылы 60 жасқа аяқ басып, халық алдында есеп беру кешін өткізіп, үлкен дүбірлі той жасадық. Қуанышымды бөлісіп, елден, яғни Абай елі, Шыңғыстау өңірінен 30-дан аса қонақтар келді. Жиында белгілі жазушы Елдар Каменұлы елдің аманаты мен сәлемдемесін жеткізіп, Абай аудандық әкімінің Алғыс хатымен марапаттады. Сонымен қатар, өнер саласында көптеген кісілер келіп, қуанышыма ортақтасып, ақ тілектерін білдіріп жатты. «Тақиялы періште» фильмінде басты рөлді сомдаған Әлімғазы Смағұлұлы ағамыз да төрден төбе көрсетіп, жүрекжарды лебізімен бөлісті. Өнерімді сыйлап, қуанышымды бөліскен барша ағайын-туыс, дос-жаран, аға-әпкелер мен құда-жекжаттарға алғысым шексіз.

**-Қала мен ауыл өміріндегі мәдени іс-шараларға қатысты алдағы жылға қандай жоспарлар құрылуда?**

-Іс-шаралар жоспары ол жыл сайын міндетті түрде құрылады. Мейлі халықтық іс-шара болсын немесе ұлттық, саяси, мәдени сияқты бағыттардың бәрі толықтай қамтылды. Негізінде биылғы жыл біз үшін сәтті жыл болды десем артық айтқаным емес. Себебі қала әкімі Талғат Қанатұлы Қайнарбеков мырза мәдениет саласындағы біршама тың дүниелердің іске асуына үлкен ықпал тигізді. Сондай-ақ жоспарымызда облыс көлемінде іс-шара өткізсек деп отырмыз. Айта кетсем, «Абай тағылымы» аясында баспасөз конференция өткізу, «Жігіт сұлтаны», жанды дауыстағы вокальды-аспапты ансамбль құру сынды жоспарлар бар.

**-Арна ауылындағы мәдениет үйінің бүгінгі таңдағы жайы қандай және өзгерістер бар ма?**

-Әрине, өзгеріс жоқ емес, бар. Арна ауылындағы мәдениетті жандандыру мақсатында мәдениет үйінің жағдайы

да елеусіз қалған жоқ. Өз күшімізбен, әкімдіктің көмегімен көптеген жұмыстар атқарылды. Мәселен, ғаламтор орнатып, бақылау бейнекамераларын құрғыздық. Жаңадан аппаратура алып, дыбыс жазатын студиясын аштық. Сонымен қатар шамамыз жеткенше аздап жөндеу жұмыстарын жүргізіп, көркін кіргізіп қойдық. Келер жылы қалалық әкімдіктің тарапынан күрделі жөндеу жұмыстарын жасау жоспарланып отыр. Бұл біз үшін қуанышты жағдай.

**-Серікболсын аға, отбасыңыздың өнерден құр алақан емес екенін баршамыз білеміз. Балаларыңыздың өнер жолын таңдағанына сіздің тарапыңыздан қарсылық болмады ма?**

-Отбасымның қазақ өнерін ерекше бағалап, пір тұтқанына мен қуанбасам, өкінбеймін. Және ұл-қыздарымның да өнеріне балта шапқым келмейді. Бұл біріншіден туа біткен талант. Себебі, адам баласы ішіндегі талантты сыртқа шығаруы керек. Мейлі, сен баланды күштеп басқа салаға жетелеген күннің өзінде, бойдағы талант бүгін болмаса да ертең өзекті жарып шығары сөзсіз. Мысалы, кенже бауырым Нұрболат бала кезінен «Отырар» сазды-оркестрінде домбыра құлағында ойнаған Нұрғисаның тікелей шәкірті. Басқа салада қызмет жасаса да, өнерін ұмытқан емес, әркез көлігінен домбырасын тастамай жүреді. Қыздарым да солай, бір ғана эстрада бағытында ән айтып қоймай, жан-жақты білім алған. Аспаппен биін, әнмен актерлік қасиетін ұштастыра білген ізімізді жалғаушыларым. Сонымен қатар, өздеріңіз білетіндей репертуары бай, халық әндерімен жан-жақты дамытылған «Шыңғыстау» халықтық-отбасылық ансамбліміз бар. Бұл жерде де бауырым домбыраның құлағында ойнаса, үлкен қызым Асем баянмен сүйемелдеп, Айнұр қызым қобыз аспабымен өнер көрсетеді.

Ал, Мөлдірім әрі биші, әрі эстрада әншісі. Балаларымның барлығы да кішкене кездерінен түрлі конкурстарға қатысып, жүлделі орынға ие болып, лауреат атанған. Мысалы, Мөлдір қызымыз он үш жасында Баян Алағезованың продюсерлігімен өткен Халықаралық деңгейдегі «Matma тіа» мега-шоуының жеңімпазы атанып, Түркия еліне он күнге жолдама алған болатын. Сол кездің өзінде Мөлдірдің өнерін қолдап, қаламызда алғашқы жеке шығармашылық кешін ұйымдастыруға ат салысқан Қапшағай қалалық білім бөлімінің басшысы Раиса.Ешімова мен орта-мектеп гимназияның директоры Сәуле Нұрсолтановаға алғыс айтқым келеді. Бүгінгі

таңда Мөлдір Темір Жүргенов атындағы Өнер академиясында эстрада-вокал факультетінің 3-курс студенті. Сондай-ақ қаламызда Айнұр қызымның жетекшілігімен бастау алған «Қазына» эн-би ансамблі бар. Жиын-тойлар мен мерекелік іс-шараларға ат салысып жүрген жайы бар. Міне, балаларымның өнерге деген осындай құлшыныстарын көріп тұрғанда мен қалай қарсы шығамын? Керісінше, олардың өнерін қолдап, әркез демеу болуға, дұрыс бағыт көрсетуге тырысамын.

**-Өзіңіз негізін қалаған өнерлі отбасының болашағынан не көресіз?**

-Біріншіден, отбасымның болашағынан не көрем деп ойлағаным дұрыс сияқты. Содан кейін өнермен ұштастырғаным жөн болар. Дегенмен, адам баласы жақсылыққа қарай ұмтылса, түбі сол болады. Біріншіден, отбасымның әркез амандығын, денінің саулығын тілеймін. Он екі мүшең сау, жаның жайдарлы болса, қай саланың болсын шыңына шығасың. Тек соған жетелейтін арман болса болғаны. Алла қаласа, осы отбасымыздың өнерін жалғастырушы ұрпағымыз деп білемін. Сондықтан тек өз елінде ғана емес, өзге елде де қазақ халқының атын шығарып, ұлттық өнерді дәріптеп жатса, одан асқан бақыт жоқ шығар.

**-Серікболсын аға, қызметте де, өнер айдынында да абыройыңыздың арта түсуіне үйдегі жеңгеміздің тигізер оң әсері мол екені сөзсіз. Жарыңызды қалай сипаттап бересіз?**

-Отбасымның ұйытқысы, балаларымның анасына қандай мақтау айтсамда жарасары сөзсіз. Себебі шыққан ортасынан тектіліктің исі аңқып тұр. Әкесі өте сауатты кісі, әр әнші еді. Жарым да көбінесе әкесіне тартқан. Сырт келбеті мен мінез-құлқының сәйкес келетін тұстары көп. Алмаз өз ортасында сыйлы, ешқандай ұрыс-керісі жоқ, ашық - жарқын жан, жезтаңдай әнші, әрі өздеріңіз білетіндей Бүкілодақтық фестиваль лауреаты. Сондай-ақ өзінің аңқаулығы да бар. Өнерде де жолымыз бірге тоғысқаннан кейін бір-бірімізді түсінісу біз үшін о бастан оңай болды. Сондықтан Алмаздың бойындағы әрбір қасиетін ерекше бағалап, құрметтеймін.

**-Серікболсын ағаның біз білмейтін үш қасиеті...**

-Менің бір қасиетім - дүние жимаймын. Жалпы, ешнәрсені керек қылмайтын адаммын. Бар ма бар, жоқ болса оғанда ренжімеймін. Бірақ әр нәрсе өз уақытында болатыны сөзсіз. Екінші қасиетім - шыншылдығым, тіке бетке айтқанды ұнатамын. Бәлкім, бұл теріс қасиет шығар... дегенмен осы

қасиетім үшін мені кіналағандарды да көрдім. Ал, үшінші қасиетім - ақындығым. Алайда баспа бетін көрген өлеңдерім өте аз. Себебі, олардың мазмұны бөлек. Жаңа айтып өткенімдей, шындықты бетке айтқаным бар. Өлеңдерімнің мазмұны да осы қасиетіммен тікелей байланысты болып келеді.

**-Өмірде неден қорқасыз және сізді рухтандырып, жігерлендіретін не?**

-Бес күндік жалған дүниеде менің қорқатыным ол – жауабы жоқ сұрақ. Бұхар жырауша толғасам, «Өлтірмей алар жаннан қорқамын, ағызбай алар қаннан қорқамын, ақпақұлақтықтан қорқамын». Осындай астарлы ойынды айтып жатқанда сені ести тұра «естимейтіндерден» қорқамын. Дегенмен, мұндай қорқынышты жоятын ол - адамның рухы. Жігер болғандықтан өткір сөз, абыройлы істен қуат аламын. Ұлтын ұлықтай білетін ұлылық пен елім деп еңіреген ерлердің ірілігінен жігерленіп, шабыттанамын.

**-Серікболсын Қыдырбайұлы, осындай терең ойлы, әсерлі де, мазмұнды әңгімеңіз үшін сізге өз ризашылығымды білдіремін. Әрқашанда қанатыңыз талмай, жасай беріңіз. Өзіңіздей алдыңғы буын ағаларымыз аман болсын. Сұхбатымыздың соңында журнал оқырмандарына жүрекжарды тілегіңізді білдіре отырсаңыз.**

-Ең алдымен барша Қапшағай және көрші тұрған ауыл тұрғындарына алғысымды білдіремін. Әркез біздің өнерімізді қолдап, ақ тілегін жаудырып жатқан тыңдармандарымызға дән ризамын. Дәстүрлі қазақ өнерінің жанашыры болғандары алғыстан басқа айтарым жоқ. Халықтың алғысы, қошеметі біз үшін таптырмас азық. Себебі өнердегі керегімізді көркейтетін де, шығармашылығымызды шарықтататын да, бойымызға күш беріп жігерлендіретін де көпшіл қауым. Тәуелсіздігіміз баянды болып, көк туымыз желбіреп, бірлігі жарасқан ел болайық. Ұрпақтарымыз аман болсын. Сонымен қатар, келе жатқан Жаңа жылымыз әрбір шаңыраққа жақсылығын, қуаныш-шаттығын әкелсін. Отбасымызда береке орнап, несібеміз артып, жағымды жаңалықтарға толы жыл болсын.

**-Рахмет! Сіздің отбасыңызға да осыны тілеймін.**

**Гүлзат ҒАБИТҚЫЗЫ,**  
*«Солнечный город» журналы*  
*№12, 2018 жыл*



## ХАЛҚЫНА ӘН МЕН ЖЫРЫН СЫЙЛАҒАН

Әр адамның өмірінде қимастықпен еске алатын қызық та қымбат күндері болатыны белгілі. Жуырда көңіл түкпіріндегі ой-сезімдерін өлең жолдарымен өрбітіп, домбырамен әуелете ән шырқап, термені төгілдіретін ақын, дәстүрлі әнші, Бүкілодақтық фестивалдің лауреаты, Қапшағайдың өнері мен мәдениетінің өркендеуіне елеулі үлес қосып келе жатқан Серікболсын Қыдырбайұлының сондай күндерінің бірін өткізгендігінің куәсі болғанбыз. Аскаралы 60 жасқа толып, барша тілеулестерін қуантқан мәдениет қайраткерінің мерейтойы аясында қалалық мәдениет үйінде оның өз бастамасымен құрылған «Шыңғыстау» халықтық - жанұялық ансамбілінің есеп беру кеші болып өтті.

Кеш шымылдығы хордың орындауындағы С.Қыдырбайұлының сөзіне жазылған «Қапшағай гимні» әнімен түрілген соң, жиналған жұртшылық кеш иесін ыстық ықыласпен сахна төріне шақырды. Серікболсын Қыдырбайұлы сахнада көпшілікпен амандасып, халқымызбен ежелден бірге жасасып, қуанышы мен қайғысын шерткен домбырамен халық әндерін нақышына келтіре орындап, жиналған жұртшылықтың жан-дүниелерін толқытып, көңілдерін бір демеп тастады.

Кешті жүргізген қалалық мәдениет үйінің директоры Медет Дүйсенбаев пен қалалық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Дамир Нұрқасым өнердің шырқау биігіне алып барар ұлы жолда ұзақ жылдар бойы тер төгіп жүрген мәдениет қайраткерінің өмір жолына шолу жасап, жеткен жетістіктерін келелі әңгімелеріне арқау етті.

Осы кеште алғашқы сөз кезегін алған қала әкімінің орынбасары Ақтанберді Қалқабай С. Қыдырбайұлын мерей-тойымен құттықтап, Қапшағай қаласы әкімінің марапатын табыстады.

Содан кейін Серікболсынның ел игілігі жолындағы еңбегіне шығармашылық табыс, отбасына баянды ғұмыр тілеп, өнерінің өрге жүзуіне ақжарма тілектерін арнаған Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының өкілдері мен Шығыс Қазақстан облысынан арнайы ат терлетіп келген меймандардың жалғандыққа жалынбай, шындық үшін күйіп-жанатын, қиындықтан

тайсалмайтын бірбеткей, озық ойлы жан туралы кіршіксіз көңілмен жүйелеп сөйлеген сөздерінен оның өмірі мен қызметі және рухани байлығы соғұрлым айқындала түскендей әсер қалдырды.

Тойдың кәдесіз болмайтыны белгілі. Қонақтар да той иесінің иығына шапан жауып, Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы А. Әбдуалиевтың және ұлы ақынның есімін еншілеген ауданның әкімі Ж. Байсариевтің Құттықтау хаттарын, Шығыс Қазақстан облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ақан Мухамедчиновтың Алғыс хатын табыс етті. «Жақсы сөз жан семіртеді» демекші, облыс орталығынан және кіндік қаны тамған Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы ағайынның ажолтай тілегін алып келген делегация құрамындағы кәрі-жастың шынайы жүректен шыққан бата іспетті жылы лебіздерінен көңілі жаздай жадыраған Секең мен оның зайыбы Алмаз да меймандарға риясыз алғыстарын жаудырып, сый-сияпаттарын берді.

Одан кейін қапшағайлық ақындар Макпал Мыса, Берік Баилов, Алтыншаш Жақиянова кеш иесіне деген өздерінің жүрекжарды тілектерін жыр жолдарымен өрнектеді.

«Шу деген атқа демеу» дегендей ақындардың өлеңмен өрілген ыстық ықыластары арқасын қоздырып, көпшіліктің құрмет-қошеметтері дем бергендей болған Серікболсын Қыдырбайұлы қоғамдағы өзіміз куәсі болып жүрген жетістіктер мен олқылық-кемшіліктерді шынайы қалпында, бүкпесіз жеткізген жырлары зал толы қауымның жүректеріне жол тауып, көңіл-күйлерін бір толқытып өтті. Кейбір пенделердей көлгірсіп, жарамсақтануға жаны қас, шындықты бетке қарып айтатын Серікболсынның әр өлеңінде ел-жұрттың мұң-мұқтажы, арман-ой астасып жатты. «Сын түзелмей, мін түзелмес» қағидасын берік ұстанатындардың ғана нағыз ақын болып табылатындығын, олардың шығармаларын түсінетін жүрек, сезінетін сезім ғана керектігін шегелеп айтты.

Сахнада өз өнерлерін ортаға салған «Шынғыстау» халықтық – жанұялық ансамблі қазақы қоңыр дауыспен әсем ырғақты жан тербетер халық әндерін әуелете шырқап, тыңдармандардың жүректерін ерекше рахат сезімге бөледі.

Қазактың күй өнері ұққан адамды телегей теңіз мағынамен байытады десек, ансамбль мүшелері Нұрболат пен Гүлсім Бекбосыновтар Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқисса» секілді иірімі күрделі, мазмұны терең шығармасын он пернелі, қос ішекті аспапта он саусақтары түгел ойнап, тек казак халқына ғана тән сезімді тербеп, көңілді шалқытатын, бойдағы қанды қыздырып жан-дүниене сілкініс туғызып ғажап толқыныс толқындарына батыратын күй құдіретімен көреремендерді бір сәт өздеріне баурап алды. Нұрболат, Гүлсім, Мейрамгүл Бекбосыновтар мен Секеңнің өнерге баулыған шәкірттері Санат Тұрғанбеков пен Анар Тұрсынбаева өз өнерлерімен думанды тойдың ажарын айшықтап, мәртебесін өсіре түсті.

Сонымен қатар, Балалар шығармашылық орталығының би ансамбілі әсем безендірілген сахнаны бимен көркемдесе, жезтаңдай әнші, Серікболсынға өмірлік серік болған Алмаз Мәдиева әнмен әрлеп, кеш көрігін қыздырды. Ата өнерді ардақ тұтқан Әсем Жүнісбекова, Нұрболат Бекбосынов, Айнұр мен Мөлдір Серікболсын, Мейрамгүл Бекбосынова, Балтабек Какимов және Секеңнің Құнанбай, Іңкәр есімді немерелері С. Қыдырбайұлының қуанышын бөлісу үшін алыс-жақыннан келіп отырған үлкенді-кішілі көрермендерді өнердің кәусәр бұлағынан сусындатты.

Мерейтой өз салтанатымен көпшіліктің есінде ұзақ сақталатындай әсер қалдырды. 60 жылдық мерейтойын атап өткен мәдениет саласының қайраткері Серікболсын Қыдырбайұлының Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының мәдениет саласына қосқан өлшеусіз үлесі бүгін болмаса да, ертеңгі күні өнер өлкесінің биігінен өз орнын табары анық.

Кейбіреулердің өзгеге оң баға бермек түгілі, жылы сөзін де өзінен басқаға қимай, бар жақсылықты қара басынан асырғысы келмейтіндерін жоққа шығара алмаймыз. Секең ондай өзімшіл, атаққұмар, мақтансүйгіш, әрдайым өзін-өзі дәріптеу мен шен-шекпен дәметуді әбес көрмей, Алла Тағаланың берген дарынын саудаға салып, жұртқа жеккөрінішті болып, өз қадырын өзі кетіріп жүрген жандардың санатынан емес. Өйткені, Серікболсын Қыдырбайұлы-өнер-халық қазынасы екендігін, тыңдаушы да, сынаушы да халық болғандықтан өнер адамдарының өмірде жинаған барлық рухани байлығы, абырой-беделі

халыққа ортақ болатындығын жан-дүниесімен түйсінген, жаман ат пен жат қылықтан бойын аулақ ұстайтын, сол халықтың арасында қадыры артқан, тұғыры асқақ тұлға деңгейіне көтеріле білген азамат.

Өнерді жан-тәнімен сүйе білетін Серікболсын Қыдырбайұлының өзінен өрбіген ұрпақтары мен өнер жолына баулыған шәкірттері оны үлгі тұтып, өнегелі өмірін, ғибратты жолын темірқазық етіп ұстанса, оның да асқақ арманының жүзеге асқаны деп білеміз. Өнер адамына бұдан артық шексіз бақыт болмаса керек.

**Айжарық КӨПТІЛЕУОВ,**

*Қапшағай қалалық «Нұрлы өлке» газетінің редакторы,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.*

## СЕРІК СЕРІ ЖІГІТ ЕДІ

Серік ініміздің дүниеден өткендігін алыста жатып ұзын құлақтан кешірек естідік. Шыңғыстаудан қанаттанып, шығандап шырқау биікке көтерілген, ақ басты Алатаудың бауырына ақиықтай бауыр басқан бауырымызды жоқтап барып, бір уыс топырақ та сала алмадық. Өте өкінішті. Бұл тағдырдың пенденің пешенесіне жазған бір кемдігі де осы шығар.

Секенді мен сонау бала кезден білемін. Шынашақтайынан қазақтың қара домбырасын бауырына басып, құшырлана құшып жүретін ол жастайынан әнге әуес, күйге құштар болып өсті. Туған жері, өскен ортасы да осал емес еді. Арысы Ақтамбердіден бастап, берісі Шәкір Әбеневке дейін 17 ақынның ордалы отанына айналған киелі топырақтан небір сөз сүлейлері мен ән дүлейлері шыққан. Солардың соңғы сарқыттары күйден Айбек Бекбосынов болса, әннен Серік Бекбосынов болды.

Жалпақ жұрт «Жалғыз» атап кеткен Серік әкеден шынында да жалғыз еді. Бірақ, өмірде, өнерде жалғыз болған жоқ. Әйгілі «Қаламқас» халық ансамблінің белді мүшесі, белгілі әншісі болды. Қандай концертте болмасын алғашқы боп сахна шымылдығын ашатын да, соңы болып сахна шымылдығын жабатын да сол еді ғой, шіркін!

Не нәрсенің болмасын басталуы мен аяқталуы

маңызды десек, қызылды-жасылды ою-өрнекпен зерленген ақ шапанымен, құндыз терісімен көмкерілген ақ бөркімен, сұңғақ бойымен, сұңғыла ойымен ол елден ерекшеленіп, баяғының сал-серілеріндей болып көрінуші еді көзге. Өздігінен ән де шығарып, өздігінен өлең де жазатын. Бірақ, оның бәрін көп көзді қылмай, өзінің киелі өнерге деген кіршіксіз махаббатындай жасырып, жабық ұстайтын.

Кейіннен Серік өзінің туған ауылы Құндыздыға қайтып оралды. Жаңадан ашылған саз мектебінде дәстүрлі ән өнерінен сабақ берді. Оның ауылға оралуы абыз ақын Шәкір Әбеновке жақсы болды. Дәл осы мезетте ол да тоқсанға келген шағында астына ел қатарлы бір жаңа «Жигули» сатып алып, жүргізушісі болмағандықтан құр босқа қаңтарып қойған еді. Сөйтіп, Серік сабақтан тыс уақыттарында Сана (Шәкірдің жалғыз қызы) мен ақынның басы-байлы шопыры болды. Ешбір еңбекақысыз эрине. Ақысына шал оған өзінің әндерін тегін үйретті. Серікке бұдан асқан бақыт та, даңқ та жоқ еді. Шәкір Әбеновтің әндерін алғашқы насихаттаушы да сол болды. Ақ жигули ауданға келсе барлық құрмет қошемет соларда болды. Мен ол кезде аудан әкімінің орынбасары қызметін атқаратынмын. Екі күннің бірінде ақ жигули ақ үйдің алдына келіп тоқтай қалатын. Әдеттегідей Серік екінші қабатқа көтеріліп, менің кабинетіме келеді.

- Шал шақырып жатыр, - дейді ол кіре сала. Атып тұрып далаға шығамыз. Шал машинасынан да түспейді. Кабинасын ашып жып-жылы, жұмсақ алақанын алақанымызға тастай салып: - Кеттік, дейді. Мені алдына салып, аудандағы қоймалардың біразын шарлап, керек-жарақтарын алған соң мені алған жеріне тастап: - Ал, біз қайттық, - дейді. Жұмыстары осы. Әкелі-балалы болып жүрген осы бір жандардың сол бір еркелігіне әлі де сүйсінемін. Және сол еркелігіне орай қызмет жасағанымды мақтаныш көремін.

Серік абыз ақсақал дүниеден өткеннен кейін Алматы шаһарына, Қапшағай қаласына қоныс аударды. Сонда жүріп өзінің өнерге деген құштарлығын еселемесе, кеміткен жоқ. Аудандық мәдениет үйін басқарды. Талантты жастарды маңайына топтастыра білді.

Бірде ақын, оқушы шәкіртім Арман Шеризатты ертіп Алматыда өтетін «Аламан айтысқа» қатысуға бардық. Біздің бара жатқанымыздан хабардар болған Серік пен оның жұбайы Алмаз Ахатқызы Қапшағайдан тосып алып, екі-үш күн үйінде

болдырып, үлкен құрмет көрсетті. Жарықтық, ағаны сыйлай білетін арда азамат еді ғой. Жоғарыда айтқанымдай ол өлең жазатын. Бірақ, оны көп көрсетпей, жариялатуға да асықпай, ой елегінде көп қортып жүретін. Біразын маған да оқып берген. Риза болып, сәт сапар тілеп едім. Серік қайтпас сапарға аттанған соң, сол өлеңдерін Алмаз қарындасымыз жеке кітап етіп жарыққа шығарып жатыр екен. Қайырлы, құтты болсын!

Осы шағын естелікті жазып отырып ойыма бірер шумақ өлең түсті.

Туған жердің топырағы бұйырмай,  
Қапшағайда қалып қойдың тұғырдай.  
Аяқ асты алып ұрды сұм ажал,  
Алып едің жүретұғын жығылмай.

Қас қағымда қайғы жұтып қалды елің,  
Өлді жаның, өлмес бірақ сөздерің.  
Өлмегені, сөнбегені емес пе,  
Өзің құсап өнер қуған Айбегің.

**Төлеген ЖАНҒАЛИЕВ**

*ақын, «Құрмет» орденінің иегері,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
ҚР Мәдениет қайраткері,  
Абай ауданының Құрметті азаматы.*

## **ЖЕТІСУДЫ ТАЛАНТЫМЕН ТӘНТІ ЕТКЕН**

Бар жақсыны берген Аллаң жетер ғып,  
Текке өмір сүрмеп еді бекерлік.  
Біздің Серік болмысында бар еді-ау,  
Кісілігі бір басына жетерлік.

Тұрпат бөлек, ерекшелеп бой берген,  
Талантты етіп парасатты ой берген.  
«Қыдырбайдың жалғызы» деп ардақтап,  
Әспеттейтін қадыр тұтып көзкөрген.

Шыңғыстаудың өрістетіп өнерін,  
«Қаламқасқа» тарту еткен берерін.

Туған жерден Алатауға жол тартқан,  
Қимас көңіл өртесе де өзегін.

Өнер үшін ғұмыр кешті жасында,  
Актер, әнші, ақын еді расында.  
Жетісуды талантымен тәнті еткен,  
Қалай ғана теңемейміз асылға.

Уа, Секе-аға, дос едіңіз серті нық,  
Бойыңыздан табылмаған кемшілік.  
Қос аққудай Алмазбенен жарасып,  
Жар еттіңіз жанұяның көркі ғып.

Уақыт зулап ұстаттырмай тізгінін,  
Жыл өтсе де ұмытады сізді кім?!  
Нұрболат пен Айбек және Ерболат,  
Әсем, Айнұр, Мөлдір сіздің із бүгін.

Көнбесек те басқа салған уақ бұл,  
Сізді аңсап көңіл шіркін, «жылап тұр».  
Әйтеуір бір рухыңызбен колдайтын,  
Арайланып көрінеді шуақ нұр.

**Елдар ОРАЗАЛЫ,**

*ақын-сазгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
Қазақстан Республикасы Мәдениет қайраткері,  
Абай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің  
басшысы.*

## ҰРПАҒЫН КИЕЛІ ӨНЕРГЕ БАУЛЫДЫ

Серікболсын Қыдырбайұлы жақын інім, әрі оқушым болғандықтан бала күнінен жақсы білемін. Ол кішкентай кезінен өнерге бейім болып өсті. Абай ауданы бойынша жыл сайын өтетін өнер байқауларына үнемі қатысып жүрді. Мектепті бітіргенен кейін Семей қаласындағы Мұқан Төлебаев атындағы музыкалық училищені бітіріп, өнерін шындап, Абай аудандық «Қаламқас» ансамблінде қызмет етті. Туған ауылы Құндыздыда саз мектебінің ашылуына әріптесі әрі

туысы Ниязбеков Самал екеуі бірге атсалысып, сол мектептің іргетасын қалады. Өзі мұрындық болып, ашылған осы мектепте домбыра сыныбында дәріс беріп, жүздеген шәкірттер тәрбиеледі.

Серік інім білім, өнер, спорт, дін, шешендік сөздер, ақындық өнер, әдебиет тақырыптарында өз пікірін еркін айта алатын кең тынысты ойлы азамат болатын. Халық ақыны Шәкір ӘбенOVтың қасында бірге жүріп, атамыздың ән өнерін насихаттап тағылымын алды. Оның ақындық қасиеті бір төбе еді. Бұның бәрін бойына сіңіріп өсуіне әкесі Қыдырбай атам мен анасы Күләш апамның еңбегі ерекше болды. Кішкене күнінен атамыз ән айтқызып, әсіресе бұрынғы өткен жыраулардың қиса-дастандарын жаттатып, атақты билердің, ел басқарған сұлтандардың білікті шешімдерін санасына сіңіре білді. Серік асылдың сынығындай болған ата-анасының, елінің үмітін ақтаған асыл азамат болып қалыптасты.

Қапшағай қаласының өнер шаңырағын көп жылдар басқарып, өзінің айшықты ізін қалдырды. Серік балаларының барлығын киелі өнерге баулып, өздерінің дара жолдарын табуға бағыт-бағдар болғаны барша жұртқа белгілі. Ардақты інімнің өмірден ерте озғаны көңілімізге қаяу түсіргенімен, соңында қалған ұл-қыздары әке тәрбиесін нық ұстап, үзілген өмір жолын ары қарай жалғастыратындықтарына кәміл сенемін.

**Тоқтарбек СҮЛЕЙМЕНОВ,**  
*ағасы*

## **ҰЛЫЛАРДЫ ҰЛАҒАТ ТҮТҚАН АЗАМАТ ЕДІ**

Кімге қанша ғұмыр берілетіні бір Аллаға ғана мәлім. Ал өмірінің әрбір сәтін, әрбір күнін алыс-жақынмен тек қана жақсылыққа арнап, сыйластықпен өткізген жандар өмірден өткенде жаның құлазып, тілің күрмеліп, өзегің өртеніп сала береді. Осы күйді мен Өскеменде жүріп, қаралы суық хабарды естігенде тағы бір мәрте бастан кештім. Серікболсын менен небәрі бір жас қана кіші болатын. Әйтседе қашан жолықсақ та сіз деп ізет білдіріп, құрмет көрсетіп, алдымнан кесе көлденеңдеп өткен күні жоқ. Енді соның бәрі - өткен шақтың елесі. Серікболсын Қыдырбайұлы Бекбосыновтың дүниеден озғанына да міне, 40 күн болыпты. Баяны, байлау жоқ тұрлаусыз дүниеге тоқтау бар ма?!



Семей өңірі, оның ішінде киелі Шыңғыстау топырағы дарындылар мен таланттыларға ешқашанда кенде болмаған. Қазақ аспанынан жарқырап шыққан жарық жұлдыздардың үркердей ұлы шоғырында алдымен есімдері аталатын үш арыс, үш бәйтерек - Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Омарханұлы Шыңғыстауда дүниеге келіп, әлемді мойындатқан дала сахнасының төрінен көрініп тұтас адамзатқа ортақ биік парасатты мұраттарымен, болашаққа деген сенімдерімен, бүгінгі ұрпаққа ұлылықтарымен әйгіленген ұлы тұлғалар. Өнер әлемінде өзінің қайталанбас орны, өз биігі бар Серікболсын да осы Шыңғыстаудың қасиетті топырағынан түлеп ұшты.

Осыдан үш жыл бұрын қалалық мәдениет үйінде көңіл түкпіріндегі ой-сезімдерін өлең жолдарымен өрбіткен ақын, домбырамен әуелете ән шырқап, жыр-термені төгілдірген дәстүрлі әнші, Бүкілодақтық фестивальдің лауреаты, Шығыс Қазақстан мен Алматы облыстарының және Қапшағайдың өнері мен мәдениетінің өркендеуіне елеулі үлес қосқан Серікболсын Қыдырбайұлының асқаралы 60 жасқа толып, барша тілеулестерінің басын қосқан салтанатты кеш болып өткен еді. Мерейтой аясында оның өз бастамасымен құрылған «Шыңғыстау» халықтық - отбасылық ансамблі кең көлемдегі концерттік бағдарламасында ұзақ жылдар тер төгіп еңбек еткен мәдениет қайраткерінің өмір жолына кеңінен шолу жасап, қол жеткізген жетістіктері жайында кеңінен әнгімелеген жан жадыратар керім кештің өткені де күні кеше сияқты есте қалды.

Иә, өмір есігін ашқан әрбір жанның Құдай берген дарыны болады. Соны дұрыс таба білген жан өмірден де өз орнын табады дегенге келсек, кез келген қасиет әкенің қаны, ананың сүтімен қонатыны табиғи заңдылық. Әншілік қанмен келеді деген сөздің жаны бар. Аяулы анасы Гүлжамал ел ішінде белгілі жезтаңдай әнші, ойын-сауықтың шырайы болса, нағашы атасы Көкбай Жанатайұлы хакім Абаймен 1880 жылдан бастап, жиырма бес жыл жолдас, дос болған, Абайдың ең талантты ақын, әрі әнші шәкірттерінің бірі еді. Нағашыларынан дарыған қасиет Серікболсынның бойына жұғысты болды да, өмірінің соңына дейін ақындықты, әншілікті жанына серік етті, қайда барса да қолынан домбырасы түспеді. Ол он жасынан әнге әуес болып жетілді. Санасына халық әндерінен бастап Абай әндерін, қазақтың ақиық ақындарының жырларын, күміс көмей сазгер, сал-серілердің әндерін сіңірді.

Тоғыз қыздың ортасында бетіне жел тимей еркелеп өскен Серікболсын әскерден келгенде әкесі Қыдырбай: «Балам азаматтық міндетінді атқарып, оң мен солыңды танып келдің. Енді салиқалы өмір жолыңды таңдау тұр. Маған салсаң заңгерлік немесе дәрігерлік оқуға барғаның дұрыс» дегенде, «Әке менің өмірлік серігім домбыра ғой» деп әкесінен бата сұраған екен.

Содан 1978 жылы Семей қаласындағы М.Төлебаев атындағы музыка училищесіне оқуға түсіп, оны тамамдағанан кейін еңбек жолын туған ауылы Құндызды ауылдық клубының меңгерушісі қызметінен бастайды. 1983-1990 жылдары аралығында «Қаламқас» ән-би ансамблінің солисті және домбырашысы, халық театрының актеры ретінде қызмет атқарып, сахнада Шәкәрім Құдайбердіұлының образын тұңғыш сомдаған актер ретінде көпшілікке танылды, Бүкілодақтық фестивальдің лауреаты атанды. Абай аудандық саз мектебінің домбыра және дәстүрлі ән сыныбының оқытушысы қызметінде болған ол 1989-2006 жылдары музыка және өнер мектептерінде жұмысын жалғастырып, жасөспірімдерді өнерге баулуда, рухани-эстетикалық тәрбие беруде, халықтық дәстүрлі әндер шығармашылығын дамытуда өз ізін қалдырған ұстаз атанды. Қапшағай қаласындағы Балалар шығармашылық орталығында одан дәріс алған шәкірттері Венгрияда, Испанияда және Мәскеу қаласында өткен халықаралық байқауларға қатысып, лауреат, дипломант атанды.

Серікболсынның бастамасымен құрылған «Шыңғыстау» халықтық - отбасылық ансамблі 2004 жылы Қапшағай қаласында отау тікті. Фольклорлық ансамбльдің репертуарына дәстүрлі және эстрадалық әндер, жеке домбырада және кобыз аспабындағы күйлер, фольклорлық туындылар енгізілді. Ізденіс зая кеткен жоқ. Өнер шыңында шарықтаған Бекбосыновтардың отбасылық ансамблінің атағы қысқа мерзім ішінде Алматы облысы жұртшылығына танылды. Осы жолда тамшылата тер төгіліп, тынымсыз еңбек жасалды. Ақыры межелеген асулардан асты. 2009 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің №179 бұйрығына сәйкес «отбасылық-халықтық ансамблі» атағы берілді. Ән сөзіне аса байышпен қарайтын, ән айтқан кезде ұлттық нақышты, ұлттық бояуды жоғалтпауға тырысатын талғампаз әнші ретінде Секең облыстық, республикалық байқауларда сан мәрте оза шауып, талғампаз көрерменнің ыстық ықыласына бөлене білді.

Серікболсын Қыдырбайұлы Алла Тағаланың берген дарынын саудаға салудан бойын аулақ ұстап, ешкімнен шеншекпен дәметпегені рас. Өнердің халық қазынасы екендігін, тыңдаушысы да, сынаушысы да қалың көрермен болғандықтан абырой-беделі халыққа ортақ екендігін жан-дүниесімен түйсіне білгендіктен сөзімен ісі астасып, кісілік қасиетін тұғырлы биіктен төмендетпеді. Ұлттық құндылыққа, ұлттың әні мен жырына мұқият, жанашырлықпен қараумен болды. «Домбырасыз, күмбірлеген күйсіз, дәстүрлі әнсіз, қазақ - қазақ па?!» деп ұлттық болмысты сақтау мәселесі төңірегінде қызу пікір талас туындағанда намысты қайрап, жігерді жани сөйлеп ширыға түсетіндігі өнерде жүргендер серіктестерінің жадында.

Өмірін өнерімен өрнектеген Серікболсын Қыдырбайұлы айтары жоқ, Қапшағай өңірі мәдениеті саласының өсуіне өзіндік сүрлеуін қалдырды. Құдай қосқан қосағы Алмаз Ақатқызы да - өнердің тұма бұлағынан сусындаған жан. Екеуі киелі дәстүрді перзенттерінің санасына бесігінен сіңірді. Бұл күнде інісі Нұрболат, қыздары Әсем, Айнұр, Мөлдір - кәсіби өнер оқу орындарын тамамдаған, әр түрлі музыкалық аспаптарды шебер меңгерген білікті мамандар. Олар бала кезден қалалық, облыстық, республикалық өнер байқауларына қатысып жүлделі орындардан көрінді. Ал, өнер жолына баулыған шәкірттері Секеңді ұстаз тұтып, өнегелі өмірін, ғибратты жолын темірқазық етіп ұстанып келе жатқаны да баршаға аян.

14 жыл Қапшағай қалалық мәдениет үйінің директоры, 2017 жылдан Арна ауылдық мәдениет үйінің басшылық қызметін атқарғанда уақытпен санаспай еңбек етті. Осы кезеңде жыл он екі ай бойы ұйымдастырылатын түрлі мәдени іс-шаралардың, концерттік бағдарламалардың, сахналық қойылымдардың басы-қасында жүрді. «Ән салған адам сезім қылын шертетін әдемі үнімен жүрек тебіренеді. Тыңдаушының жанын жадыратып, мұңын тарқатады. Ал, бізге өнер адамдарына одан артық рахат жоқ» деуші еді. Арна ауылындағы мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары басталғанда құрылысшылардың қасынан табылып, қона жатып қоян-қолтық жұмысқа араласты. Құрылыс сапасына барынша бақылау, қадағалау жасағандығының нәтижесінде мәдениет ошағы жаңаша түрленді. Секеңнің ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетіне арналықтардың шын ықыласты көңілмен риза болғанын көзіміз көрді.

Өмірінің соңғы жылында өзі ұйымдастырған «Қапшағай толқындары» вокальды-аспаптық ансамблінің алғашқы концертін тамашалаған жұртшылық өте жылы қабылдады. Репертуарын толықтырып, облыс аудандарын гастрольдік сапармен аралап қайту алдағы жоспарларының бірі болатын. Енді оны орта жолда тоқтатпай өнерде қатар жүрген замандастары мен шәкірттері ары қарай жалғастырар деген ойдамыз.

Серікболсынның бір қыры ақынжандылығы еді. Ара-тұра баспасөз беттерінде өлеңдері жарияланып жүргені болмаса, кез келген жырын жөн-жосықсыз ұсына беруді өзі де жөн көрмеді. Келешекте өлеңдері жинақталып, кітап болып басылып, өлең сүйер қауыммен қауышар деген үкілі үміт бар. Өйткені жан адамға ашып айтпаған рухы мен сезімін, мұңы мен шерін өлеңмен кестелеп кеткені анық ақиқат.

Ол өнерімен өзіне ғана емес, өзгеге де бақыт сыйлай алды. Дәстүрлі әнші ретінде өнерсүйер қауымның жанын нұрландырып, игілігіне қызмет етті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа бата берген батагөй қария, халық ақыны, композитор Шәкір Әбеновтің ән мұрасын зерттеуші, орындаушы және Шәкір әндерін насихаттаушысы болды.

- Қадірлі ақсақал, Алаш арыстарының көзін көрген текті ұрпақ, өмірі қуғын-сүргіннен көз ашпаса да еш қайыспаған қазақтың қара нары халық ақыны Шәкір аға 95 жас ғұмырының 40 жылға жуығын қуғын-сүргінмен өткізіп, темір тордың ар жағына бір емес, екі рет түссе де сағын сындырмаған қасиетті қарттың шәкірті болғаным үшін өзімді бақыт санаймын. Адам қашанда өзінің адам деген атын жоғары ұстауы керек. Ол рухани тұрғыда тозбауы қажет. Ел еңбегінді қадірлеп, лайықты құрмет көрсетіп жатса, сенің өмірде тапқан табысың сол болмақ. Серікболсын інім соңғы бір кездескенімде осылай деген еді. Айтары жоқ өзі де адалдықты, имани тазалықты сақтап, адам деген кісілік қасиетін биік ұстап өтті.

Ендігі кезекте саналы ғұмырын өнер жолында сарп еткен арлы азаматтың алдында тірілердің өтейтін парызы тұрғандығын еске салсақ айып болмас. Жиырма жыл Қапшағай қаласының мәдениетінің дамуына өзіндік үлесін қосып, орыстанып кеткен шаһар сахнасын қазақы леппен байытып, ұлттық реңкпен түрлендіріп, рухани тынысын кеңінен ашқан Серікболсын Қыдырбайұлын есте қалдыру мақсатында

бірқатар іс-шараларды ұйымдастыру қолға алынса нұр үстіне нұр болар еді.

Соның алғашқы кезеңінде Қапшағай қаласында оның атында дәстүрлі ән байқауы өткізілсе, желкілдеп өсіп келе жатқан жас ұрпақ арасында дәстүрлі әншілердің қатары молыға түсер еді. Бұл ертеңгі күні қастерлі қазынамызды насихаттаушылардың қатарын көбейте түссе, екіншіден ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан киелі мұрамыздың тінін үзіп алмауымызға жасалған шексіз қамқорлық, нақты қадам болары анық.

Бұл қапшағайлықтардың көзі кетсе де, көңілден кетпеген Серікболсын Бекбосыновтың рухын қадірлеп, еңбегін бағалап, қастерлей білетіндігін көрсетер еді. Осы және басқа да жайларды қала басшылары ойластырса деген ізгі тілек бар. Бұл өнерді қастер тұтқан барша жұртшылықтың тілегі десек қателеспейміз.

**Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ,**  
*Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,  
Қазақ журналистикасының қайраткері,  
Балқаш ауданының Құрметті азаматы.*

## ТҰҒЫРЫ БИІК ТҮЛҒА БОЛАТЫН

Шежірелі Шыңғыстау елінің тумасы, абыз ақын Шәкір Әбеновтің талантты шәкірті, дәстүрлі әннің дүлдүлі, термеші, ақын Серікболсын Қыдырбайұлы Бекбосыновтың мезгілсіз дүние салғаны Абай еліндегі «Қаламқас» ән-би ансамблі мүшелерінің де қабырғасын қайыстырды. «Өлім деген тамаққа тұз қосқандай, өмірге дәм береді шынында да» деп, ақын бауырымыз жырлағандай, жанында жүрген жақындарына өлімнің ащы дәмін сездіріп кетті. Таланттың тарланынан қапияда көз жазып қалғанымызға да, міне, қырық күннің жүзі болыпты. Күйік көкіректі кернеп тұрса да, өлгеннің артынан өлмек жоқ екенін осындайда ұғынады екенбіз.

Секең Абай елінің өнері мен мәдениетінде есімі алтын әріппен жазылар өреніміз еді. Ол Алматы облысы Қапшағай қаласының да дәстүрлі өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосып, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып, жастармен қатар еңбек ете білген дарын, біртуар талант бола білді. Тіпті, Секең

екінің бірінің қолынан келе бермейтін іске тұтқа болды. Онысы 2004 жылы «Шыңғыстау» халықтық-отбасылық ансамблін құруы-тұғын. Секең өзінің құрған фольклорлық ансамблінің ән коржынына дәстүрлі әндерден бөлек, жаңа сарындағы эстрадалық әндерді де енгізді. Төккен тер мен талай өткен ұйқысыз түндерінің қайтарымы халқының ыстық ықыласы болатынын ол жүрегімен ұғынды. Осылайша, талаптың тұлпарын ерттеп мініп, ізденіп жүріп мұратына жетті.

Өнер арысының бойында өзімшілдік, атакқұмарлық, мақтансүйгіштік атты адам дұшпанына саналатын қасиеттер жоқ еді. Серікболсын Қыдырбайұлы ешқашан Алла Тағаланың берген дарынын саудаға салған емес. Оның тыңдаушы да, сынаушы да халық болғандықтан өнер адамдарының өмірде жинаған барлық рухани байлығы, абырой-беделі халыққа ортақ болатындығын жан-дүниесімен түйсінген өр тұлғалы азамат болғандығына ешкім де шүбә келтіре алмайды. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын, жаманның жамандығын айт құты қашсын» демекші, ол көзі тірісінде жаман ат пен жат қылықтан бойын аулақ ұстады.

Не де болса, жақсының аты, ғалымның хаты өлмейтіні бесенеден белгілі-ақ. Қолына қалам алып, жанына әні мен өлеңін серік еткен жанның есімінің өзі Серікболсын болуы да тегін емес. Атына заты сай тұғыры биік талғампаз жанның арамызда ойсырап орны қалды.

Тұғыры биік тұлға деңгейіне көтеріле білген, артына өшпес із, дарынды ұрпақ қалдырған өнер майталманы Серікболсын Қыдырбайұлының жаны жәннатта, топырағы торқа болғай. Ол біздің есімізде мәңгі сақталады.

**Ұлылар еліндегі «Қаламқас» ансамбілінің ұжымы.**

## **ӨНЕРДІҢ НАҒЫЗ ЖАНАШЫРЫ БОЛДЫ**

Секең туралы еске алу мен үшін өте ауыр болып отыр. Міне, мәдениет майталманы Серікболсын Қыдырбайұлының өмірден өткеніне бір жылдың жүзі болып қалыпты. Секеңнің бауырмашылдығы, адамгершілігі, сөзге шешендігі, өнері бір төбе. Ол өнердің нағыз жанашыры еді. Абай ауданында «Қаламқас» ансамбілінде әріптес болдық. Санаулы ғұмырында мен Секеңнің адами қасиетінің ерекше екенін, өнерге деген

камқорлығын, туған жеріне деген сағынышын «Қаламқас» ансамбілі гастрөлдік сапармен Жетісу жеріне келгенде көрдім. Мені арнайы Әміре Қашаубаев атындағы филармониясынан шақыртты.

-Баян апай, «Қаламқастың» іргетасын қалаған, өнеріңізбен бүкіл республикаға танымал болған жансыз, сіз бізге керексіз, -деп қолқа салған соң баруыма тура келді.

Зайыбы Алмаз екеуі тосып алып, бар құрметтерін көрсетті. Киелі Абай жерінен келген әртістердің барлығын қонақүйге орналастырып, қонақ сыбағасын беріп, жақсылап күтті. Тек біз ғана емес, отыз шақты өнерпаздарды бастап келген ақын-сазгер Абай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Елдар Оразалин, мәдениет қайраткерлері Тамара Көзбаева, Жанат Хайсина, Ария Айтпаева сынды жандарды Қапшағай қаласының әсем жерлерімен таныстырды. «Міне, біздің Қапшағай осындай көркем де, сұлу, шуақты шаһар» деп, жер-көкке тигізбей мақтаумен болды. Кешкісін Қапшағай халқы жиналып концертті тамашалады. Сол кезде әрбір өнерпаз сахнаға шыққан сайын, бәрін таныстырып, балаша қуанып жүгіріп жүрді. Қайран Секең... Алматыдан жерлесіміз журналист, сазгер Серік Жанболат, Бейбіт Жанболат тағы да басқа қонақтарды өз шаңырағында қонақ қылып, тамаша отырыс жасап, әнімізді шырақтан кездеріміз әлі есімде. Қайран уақыт!

Поездға шығарып салып тұрып, «Көріскенше Баян апай, елге сәлем айтыңыз» деп, Алмаз екеуі көздері боталап қалып еді.

Айналайын, Серік бауырым! Жаның жәннәтта, иманың жолдас болсын. Сен біздің мәңгі есіміздесің.

**Баян САҒЫНБАЕВА,**

*Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері,  
Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының иегері,  
Абай ауданының Құрметті азаматы*

## ҚАПШАҒАЙ САХНАСЫН ҚАЗАҚЫЛАНДЫРҒАН АЗАМАТ

Серікболсын Бекбосынов жүрген жерін той-думанға, шалқыған ән мен күмбірлеген күйге толтырып, сахнаға жарқ етіп шыға келгенде сал-серілердің өзін көргендей керім сезім

бойды шымырлатып өтетін еді. Өнердің өз адамы, арда азамат қапияда мәңгілік кеңістікке сіңісіп, арамыздан ұзап кеткелі орны ойсырап-ақ тұр. Елі үшін аянбай қызмет етіп, артына жақсы сөз, ізгілікті із қалдырған, Қапшағай қаласының мәдениет саласын өркендетуге зор үлес қосқан Серікболсын Қыдырбайұлы орыстанып кеткен Қапшағай сахнасын қазақыландырып, ұлттық рухтың иісін сіңіруге жан-тәнімен үлес қосты десек, шындықтан алыстай қоймаспыз.

Иә, Секең туа бітті талант иесі еді. Жасынан қазақтың ән-жырына құштар боп өскен ол өнердің өз адамы болып ғұмыр сүрді, соның жолында соңғы демі үзілгенше аянбай еңбек етті. Бүгінгі көнекөз қариялар, қаланың іргетасы қаланғаннан бері осы шаһарда тұрып келе жатқан байырғы тұрғындар Серікболсын мәдениет саласына араласқан жылдан бастап сахна қазақша түрленді дейді. Сырт көз қашан да сыншы. Оны жоққа шығару қисынға келмес.

Өнер адамға туа бітетін өте сирек қасиеттердің бірі. Он жасынан қолына домбыра алып, ән айта бастаған бала Серікболсын Семей қаласындағы музыка училищесін оқуға түсіп, оны тәмамдағанан кейінгі өмір жолы-өнер жолымен біте қайнасып кете барды. Семей облысы Абай ауданындағы «Қаламқас» ән-би ансамблінің солисті және домбырашысы, халық театрының актеры ретінде көпшілікке танылды. Бүкілодақтық байқаудың лауреаты атанды. Музыка және өнер мектептерінде жасөспірімдерді өнерге баулуда, рухани-эстетикалық тәрбие беруде, халықтық дәстүрлі әндер шығармашылығын дамытуда өз ізін қалдырған ұстаздық жолы үлгі-өнеге.

2004 жылы Қапшағай қалалық мәдениет үйінде оның бастамасымен «Шыңғыстау» отбасылық ансамблі отау тігіп, 2009 жылы «отбасылық-халықтық ансамблі» атағын жеңіп алуы да қала өміріндегі елеулі оқиғаға айналған еді. Алмаз Ақатқызы Мәдиева зайыбы ғана емес, Секеңнің тұрмыстың түйткілінде жаншылмай, жұлдызы жануына себепші болған өнердегі серігі бола білді. Қайда жүрсе де екеуі жұп жазбай сахнаға бірге шығып, өнерлерін көрсетті. Облыс, қала әкімдері мен мәдениет саласының басшылары да өнерлі отбасының шығармашылықтарын жоғары бағалады.

Біле білген адамға Серікболсын Қыдырбайұлы Қапшағай өңірінің элеуметтік-экономикалық, мәдениет өмірінің дамуына зор үлес қосты. Бұл қазір айтуға оңай



болғанымен, Секең алғашқы жылдары алдынан кездескен түрлі тосқауылдардың бәріне нартәуекел жанкешті өрлігімен қарсы тұра білді. Бүгінгі жеткен биіктік сол жылдардың жемісі.

Бұл жөнінде ол: «Қапшағай қаласында ол кездері орыс ұлтының өкілдері басым болатын. Концерттік бағдарлама ресми тілде жазылып, орысша өткізілетіндіктен орыс әндеріне барынша басымдық беріліп келді. Сахнаны қазақшалау үшін біраз тер төгумен бірге қала басшыларымен тіл табысуға тура келген кездері де болды. Айтары жоқ, бұның бәрі аңсап күткен тәуелсіздіктің бізге берген Тәңір сыйы. Енді алдымызда тұрған мақсат - өнер шығармашылығына деген таным көкжиегімізді кеңейтіп, эстетикалық талғамымызды жоғарылата беру. Қазіргідей сөз жүзінде емес, іс жүзінде рухани жаңғыра білсек, тіліміз де, діліміз де, дініміз де әлі-ақ өз төрінде салтанат құрады», - деп айтқаны бар еді.

Қапшағай сахнасын қазақы леппен байытып, ұлттық реңкпен түрлендіріп, рухани тынысын кеңінен ашқан Серікболсын Бекбосыновты есте қалдыру мақсатында оның атында дәстүрлі ән байқауы өткізілсе деген ұсыныс біраздан бері көптің аузында айтылып жүр. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін тау тұлғалы, өресі биік ақын, әнші, актер Секең ендігі жерде тірілердің көрсететін құрметі осы болса керек.

**Заңғар АЛТАЙ,**  
*журналист*

## ДАУА БАР МА АЖАЛДЫҢ ЖЕБЕСІНЕ

Шығарда 63-тің белесіне,  
Келместің мініп кемесіне.  
Жан едің өнер үшін жаратылған,  
Жұрт көтеріп жүретін төбесіне.

Айналып ең жігіттің төресіне,  
Дауа бар ма ажалдың жебесіне?!  
Жаратушы жәннатты нәсіп етсін,  
Жарқын бейнең сақталар ел есінде.

Елжірейтін елім деп жан-жүрегің,  
Өнегелі өнерлі алғыр едің.  
Тоғыз қыздың ішінде жалғыз ұл боп,  
Серіліктің сан міндің сал күреңін.

Қимас жаннан айырылу-қасірет шын,  
Қалай ғана жанардың жасы кепсін?!  
Халық ұлы, Алланың құлы болды,  
Жаратушы жұмақты нәсіп етсін!

**Берік БАЙЫЛОВ,**

*ЛА 155/14 мекемесіндегі колледж директоры.*

## **ӘНІҢ ҚАЛДЫ АРТЫҢДА**

Әнің қалды артыңда кісілігің,  
Кісілігің, үлкенге кішілігің.  
Тік тұрғызған аяқтан ұл-қызың мен,  
Бір ансамбль қалды артта кішігірім.

Айта жүрер артыңда сыйың қалды,  
Әнге бөлеп жүруші ең жиындарды.  
Түсінетін өнерді жалғыз досым,  
Сүйеп, демеп жүруші ең жығылғанды.  
Жаны ашитын өзіндей кімім қалды?!

Жамандыққа қимайды жақсыны адам,  
Талай көмек қолын да аштың маған.  
Талай жерде үкілеп алып жүрдің,  
Сал-серіңмен кездерде бас құраған.

Досым едің, өнерде сырласым ең,  
Талай өнер шыңына бірге асып ең.  
Саған жоқтау жазам деп ойлап па едім,  
Бейнең ұзақ сақталар тұлғасың сен.

Адамшылық бар еді бойыңда ерек,  
Жырларымды ылғи да жүрдің демеп.  
Алла саған пейіштің төрін беріп,  
Панасына алсыншы желеп-жебеп.

*7.03.2021 жыл.*

\*\*\*

Бұл Серік - өнердегі досым еді,  
 Естіді бұл сұмдықты тосын елі.  
 Өкпеге де кимайтын азамат ед,  
 Өнерден кенже қалған Қапшағайды,  
 Өнердің қатарына қосып еді.  
 Келмеске кетті тұрмай сол дертінен,  
 Досым-ай, қош бол енді, қош бол енді!

\*\*\*

Өкпелейін бе,  
 Қимас досым-ау,  
 Гүл бере алмай кеткен көктемге,  
 Өкпелейін бе  
 Келмейтін қайта өткенге.  
 Өкпелейін бе,  
 Қадірің болмай тірлікте,  
 Жақсылығыңды білетін елге «өткенде».

\*\*\*

Көтеріп көкке тірлікте мынау бес күндік,  
 Сыйласып жүрсең, болады ашық бет-перде,  
 Кеттің бе, бәлкім, бір ауыз сөзге жетпей де.  
 Қоштасуға да қия алмай мынау өмірмен,  
 Сезініп жатты тек кеуде.

Айрылдым бүгін гүл сыйлайтұғын бір достан,  
 Өтті де кетті, дертінен сол бір тұрмастан.  
 Кім білсін, қанша жүреміз, достар, сондықтан,  
 Өмірде мынау жақсы ғой шіркін сыйласқан.

### **ТОПЫРАҒЫ ӘЛІ КЕПКЕН ЖОҚ...**

Жеті күн болды, топырағың әлі кепкен жоқ,  
 Қырық күндігің де өткен жоқ.  
 Адымдай басып, бері қарай келе жатасың,  
 Елес боп солай, есімізден бейнең кеткен жоқ.

Жұмыс орының, үстелің, қағаз-қаламың,  
Іздейді сені жамылып қара, дала мұң.  
Қолыңның табы, іздері қалған тұтқаны,  
Батылы барып енді кім ашып, жабады?!

Ақын дегеннің болады білсең киесі,  
Әрқандай істің болады рет-жүйесі.  
Кешеде өткен арқалы Серікболсынның,  
Кім болар екен қызметінің иесі?!

Осындай сұрақ біреуді жатса мазалап,  
Мүрдесі дүмбез аруаққа тіпті обал-ақ.  
Серіктің орнын басамын деген әр адам,  
Алдымен өзін алу керек-ау тазалап!

*12.03.2021 жыл.*

\*\*\*

Егілуде Алмазың егілуде,  
Көздің жасы көл болып төгілуде.  
Денсаулығын жоғалтып алмаса екен,  
Ұмыта алмай қиналды сені мүлде.

\*\*\*

Сенің мына ауыр тиді өлімің,  
Неге сонша қысқа болды өмірің?!  
Аңқылдаған, жарқылдаған досым-ау,  
Кім айтады әннің сендей керімін?!

### **ҚЫРҚЫҢ БҮГІН...**

Күндер зулап өтуде, қыркын бүгін,  
Еске алады егіліп жұртың бүгін.  
Қадіріңді білмеген күнге налып,  
Ішім түгін, болғанмен сыртым бүгін.

Нағашы атам рөлін ойнап едің,  
Сахна тереңіне бойлап едің.  
Өнер жайын ұғатын сырт көздерден,  
Қорғайтын жанашырым қайда менің?!

Елуімді Іледе тойлап едік,  
Қалың қарға малтығып, бойлап едің.  
Қапшағайдың атынан жалғыз барып,  
Арнаған жырыңды оқып, сайрап едің.  
Өзіңдей адал досым қайда менің?!

Үкілеп ақыныңды жүруші едің,  
Өнердің қыры-сырын білушы едің.  
Ақыныңды жібермей жалғыз өзін,  
Сал-серінді қосақтап беруші едің.

Жүрген жерің той-думан, ойын-сауық,  
Сан кешімді өткіздің жолын тауып.  
Жеңдірмейді ауруға деп жүргенде,  
Алып кетті сұм ажал ебін тауып.

Есте қалдың еңселі қалыбыңда,  
Қырқың бүгін, еске ап ел сағынуда.  
Қос жанары Алмаздың жасқа толып,  
Ұл-қыздарың сені іздеп жабығуда.

Ұмытпаймыз бейнеңді асыл тұлға,  
Ескерткішті қоярмын қосып жырға.  
Қияметте жолығар күн де туар,  
Өзіңді іздер бар деп біл досың мұнда.  
Бақұл бол, досым!

**Алтыншаш ЖАҚИЯНОВА,**

*Ақын, Қазақстан Жазушылар және Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі, Қапшағай қаласының Құрметті азаматы.*

*16.04.2021 жыл.*

## **АҚҚАН ЖҰЛДЫЗ**

*(Серікболсын Қыдырбайұлының рухына)*

Басында бұлт Шыңғыстау шың – құзының,  
Жетімсіреп, жабырқап жүрміз бүгін.  
Жарқ етті де бір жұлдыз ағып түсті,  
Төбесінен киелі Құндыздының.

Уақыт деген жүйіткіген жүрдек дөнен,  
Бұл өмірге кім келіп, кім кетпеген?!  
Қыдырбайдың «жалғызы» - Серікболсын,  
Жан еді ол бүкіл ел құрметтеген.

Ардақтаған халықпыз ақын атын,  
Соның бірі болатын – Шәкір ақын.  
Шәкір ақын Секеңді шәкірт тұтып,  
Шежіресін айтуға шақыратын.

Серікболсын ағамыз дара туған,  
Жан еді өнер үшін жаратылған,  
Ұлы Абай елінің қыраны еді,  
Қайырылғандай қайран ел қанатынан.

Азулы ақын еді ағып тұрған,  
Шамырқанса, шаттанса шабыт қуған.  
Алып тұлға бірі еді азаматтың,  
Шамдай болып жарқырап жанып тұрған.

Біткен екен бар өнер маңдайына,  
Бұлбұл құс ұя салған таңдайына.  
«Сегіз қырлы бір сырлы» адам болып,  
Ел есінде қалады нардай тұлға.

Басында бұлт Шыңғыстау шың – құзының,  
Жетімсіреп жабырқап жүрміз бүгін.  
Жарқ етті де бір жұлдыз ағып түсті,  
Төбесінен киелі Құндыздының!

**Берік БАЙ – ЕЛ**

## **АҒАМА**

Аты жаман сол бәле қоймадың ба?  
Мұрша бермей бір сәтке ойлануға.  
Апталдай болған ағам Арысымнан,  
Көз жазып қаламын деп ойладым ба?!

Не деген қысқа өмір бұл өтпелі,  
 Қайғыдан құса болып Сіз кеткелі.  
 Артыңда қалған туыс-ағайынның,  
 Көздерінің жасы да бір кеппеді.

Кетті деуге қимадым ағатайым,  
 Ойламадым болар деп жазатайым.  
 Қимастықтан не пайда құр жылаумен,  
 Қош бол аға, ал енді босатайын.

**Нұрболат БЕКБОСЫНОВ,**  
*інісі*

## АҚЫН АТАСЫН ПІР САНАДЫ

Жыр алыбы Жамбыл Жабаев «Менің пірім Сүйінбай» деп жырласа, Серік бауырымның нағыз пірі Шәкір атасы болды.

Әкем жарықтық Секеңді өзінің туған ұлындай қатты жақсы көрді. Заманы бір болғасын құрдастардай боп, аталы - баладай екеу бір-бірін қағытып, әзілдері жарасып, шымшыма сөздерімен көңілдерін көтеретін. Бірде Секең: «Ұстазым, сіз қалай ақын болдыңыз?» дегенде әкем: «Әй, ақын болатын адам ақымақ болу керек, бірақ сөзі ұтымды, мағыналы өлең шыққаны дұрыс. Ақын болу үшін жақсы мен жаманды өз өмірінің тәжірибесінен алып, мірдің оғындай өлең жазған ақынды нағыз ақын деймін. Сен ақын болмай-ақ қой. Осы әніңмен жұртқа танымал болып жүре бер», - деген еді. Сонда Серік бауырым: «Сенің сарқытыңды көп ішіп едім, содан шығар өлең жазатыным», - деп ұтымды жауап қайтарған еді.

Әкемнен көп кіші болса да құрдастай аса сыйласып өтті. Менің сінлім Алмазды Серікке тағдыр қосып, киелі шаңырақтан атасының ақ батасын алып еді. Шәкір атасының батасы дарып, Серіктен ұрпақ сүйіп, бүгінгі таңда немере қызығын көріп отырған әже атанды. Серік пен Алмаз Шәкер атасының әндерін насихаттауға барынша үлестерін қосты. Серіктің өнері ұрпағына дарыған.

Туған інімдей болған Секеңнің өмірден өткенде қатты күйзелдім. Әр кез сағынышпен еске алып, шын ниеттіммен Жаратқан Иемнен жалбарынып «Жанын жәннаттан ете гөр» деп дұға етемін.

**Сана ШӘКІРҚЫЗЫ,**  
*апайы*

## ЕЛЕС БОЛЫП ҚАЛА БЕРДІ

Серік аға көзден кетсе де, көңілден кетпейтін біртуар азамат. Бір ауыз сөз айтса да өткір айтатын. Ойын жинақтап сөйлегенде, тілі тиген жерін ойып түсіретін. Туа біткен болмысымен астарлап, кеңінен шалатын Құндызының қара нары бір белес, бір елес болып қала берді.

Бір қолына домбырасын, екінші қолына мылтығын ұстап келе жататын Серік ағаның бейнесі бала күнімнен есімде қалды. Әлпейіз жайлауында айдың жарығымен су бетінен ондатраны қағып түсіретін қол мергендігі айтса аңыз дерсіз. Ауылдағы шопандар тойында «теңге алудан» жарыс болғанда, 12 жерге қойған теңгенің бәрін алатын да осы Серік ағам болатын. Нағыз сегіз қырлы, бір сырлы өнердің қас шебер еді ғой. Даусы қандай десейші. Алматыда үлкен тойда болғанымда, ағатайым әнін орындағанда тойда жүрген әншілер: «Аға, біз сізден кейін ән айтпай-ақ қоялық», - деп ағынан жарылғандарын өз құлағыммен естіген едім.

Сөйткен Серік ағаның өмірден озғанына бір жыл болып қалыпты. Алды пейіш, арты кеніш, иманы жолдас болсын. Бейнесі мәңгі жүректе сақталады.

**Айдын СЕЙТЕНОВ,**  
*інісі.*

## ОРНЫ ҚАЛДЫ ОЙСЫРАП

Өнер деген қасиетті, киелі атауға бүкіл қазағымның мәдениеті, ұлттық құндылығы, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, кіретін рухани ұғым. Өнер адамы жер бетін жеті шарлап басын тауға да, тасқа да, соғып басқа салаға кетсе де, қайтып айналып, аялдайтын жері киелі сахна. Ананың ақ сүтімен дарыған, өнер ұлттық мүдде, мәдениетке халыққа қызмет еткізбей қоймайды.

Ұлы Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Омарханұлы туған Шығыстың біртуар азаматы Серікболсын Қыдырбайұлы жер жанаты Жетісу өңіріне қоныс аударып, Қапшағай қаласында саналы ғұмырын, отбасымен бірге өнерге адал қызмет етіп, қаланың мәдени дамуына сүбелі үлес қосты. Санасына сәуле, жүрегіне жарық ұялаған Серікболсын Қыдырбайұлы көптеген шәкірт тәрбиелеп,



казак тарихына, мәдениетіне алтын әріппен жазылған өшпес мұра қалдырды. Соңында қалған ізбасарлары, шәкірттері Серікболсын Қыдырбайұлынан қалған аманатты атына кір келтірмей аркалап келеді. Амал нешік, казак өнеріндегі біртуар азаматтың орны біздер үшін ойсырап қала берді.

**Бибігүл ШӘЙКЕНОВА,**

*Қапшагай қаласының ішкі саясат, мәдениет,  
тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы*

## ДОСТОЙНЫЙ СЫН КАЗАХСКОЙ СТЕПИ...

Бекбосынов Серикболсын Кыдырбаевич...

Уже год, как его нет с нами, а нам всем кажется, что он жив, что вот сейчас откроется дверь и войдёт он – стройный, красивый, лучезарный, улыбнётся своей доброй улыбкой и скажет самые тёплые слова приветствия... Его огромная жажда жизни, его стремление быть полезным городу и всему Капчагайскому региону, его любовь к людям ни с чем не сравнимы.

Это одарённый от природы Человек: он и поэт, и музыкант, и талантливый исполнитель народных казахских песен. Как мечтал он выпустить собственный поэтический сборник о своей любимой стране, о родном городе, о дружбе и чистой, бескорыстной любви... Не успел...

Но он остался в памяти и работников Капчагайского Центра Детского Творчества, где он в течение нескольких лет трудился педагогом, прививая детям любовь к настоящей народной музыке и сохраняя культурные ценности казахского народа. И огромным уважением пользовался он, когда в течение 14 лет был директором городского Дома культуры в Капчагае, а затем в посёлке Арна.

Мудрость и простота Серикболсына Кыдырбаевича Бекбосынова навечно останутся светлым маяком для каждого, кто знал его при жизни. Светлая ему память...

**Альбина ЛАВРОВА,**

*Почетный гражданин города Капчагай,  
Отличник образования РК,  
член Международного Союза писателей  
Республики Казахстан.*

**КӨРКІ ЕДІҢ САХНАНЫҢ САҢЛАҒЫ**

Ер едің, азамат ең дара туған,  
Жастайыңнан жан едің өнер қуған.  
Көп еді жазылмаған жырлар әлі,  
Сақталады жадымызда дара тұлған.

Көркі едің сахнаның саңлағы,  
Қолға алып үкілі домбыраны.  
Біржан салдың әндерін тамылжытып,  
Көкейіңнен күміс үн ағылады.

Әнші, актер, суырып салма ақын,  
Шабыттанып, шаттанып көңіл толқын,  
Серпіліп жүректен шыққан лебіз,  
Өлеңмен өрнектеліп отыратын.

Сыпайы, көрген жерде сіз-біз десіп,  
Алдыңнан өтпейтұғын жолды кесіп.  
Кішіпейіл, жасы үлкен-кішіге де,  
Жылы шырай жүзбенен сәлемдесіп.

Өнер жолы ауыр жол болса - дағы,  
Ұстаз болдың, талайдың бағы жанды.  
«Шыңғыстау» отбасылық ансамблі,  
Артында өшпейтұғын ізін қалды.

**Назгүл НҮРСЕЙІТОВА,**

*ақын-сазгер,*

*Әлем Халықтары Жазушылар одағының мүшесі.*

**ЖАН АҒА**

**Әні мен сөзі: Амалият БҰХАС**

Сені іздеп келдім ағажан,  
Ағажай арман Алтайдан.  
Інім деп мені қарсы алдың,  
Құшақтап сүйіп маңдайдан.

**Қайырмасы:**

Қуандым сонда баладай,  
 Бір үміт оты жанады-ай.  
 Қараңғы тұман түнектен,  
 Түңлігін түрдің жан ағай.

Сақтаған сертін ер едің,  
 Жүректен атың өшпейді.  
 Сағынып сізді келемін,  
 Кімге айтамын аға өкпемді.

**Қайырмасы:**

Жан ағам болдың жанашыр,  
 Айтушы ем саған дара сыр.  
 Жәннатта болсын жаныңыз,  
 Өнегең елге тарасын.

**АДАМДЫҚТЫҢ АСҚАҚ ӨЛШЕМІ ЕДІ**

Ардақты да, асқар таудай ағамыз Серікболсын ағаның мәдениет саласына қосқан үлесі зор. Қапшағай қаласының мәдениет саласына алғаш рет жұмысқа орналасқан кезімде Серікболсын аға маған барынша қолдау көрсетіп, білмегенімді үйретіп, үнемі ақыл-кеңес беріп отырды. Елге сыйлы, өз ісінің білгір басшысы ретінде түрлі жағдайда бәрімізге жанашырлық танытып, әрқашан қорғап, қолдап жүрді.

Серікбосын аға тым қарапайым жан еді ғой. Келгеннен «төр менікі» демеген ағамыз «жұмсақ креслоны» да жатсынды. «Ай, маған мынау да жетеді» деп жай орындыққа жайғаса кететін. Кеудемсоқтықты жаратпайтын. Мақтангерлікті аса қаламайтын. Қара нарға артылатындай жүк арқаласа да, «мен ананы, мынаны істедім» деп жар салмай, үндемей-ақ өз жұмысын ың-шынсыз тыңдыратын. Ағамыздың сол қасиеті біздің бойымызға сіңісті болды.

Адамдықтың үлкен өлшемі де осы кісіде еді. Игі жақсылығы мен жанашыр қамқорлығын таңды таңға атырып айтсақ та таусылмас. Адал болу, кісі ақысын жемеу, қиянат жасамау жөнінде айтқан әңгімелері өмірімізге темірқазық

болғаны анық. Небір асыл қасиеттерді ағамыздың бойынан көрдік. Көрдік те көңілге түйдік.

Серік ағадан қапыда айрылып қалдық. Асқар таудай қамқор әкеден айрылған ұл-қыздай болдық. Жыладық, қайғырдық, одан соң ес жидық. «Тірі адам тіршілігін жасайды» дегендей, ары қарай өмірімізді жалғадық. Дегенмен, көңіл түкпіріндегі Серікболсын ағаға деген сартап сағыныш әлі күнге басылған жоқ.

**Алмагүл БИСЕНҒАЛИЕВА,**  
*Арна ауылдық клубының әдіскері*

## **ҚАЛДЫРҒАН ІЗІ - ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ**

Елге рухани жігер беретін, өнер туындылары арқылы көпшіліктің жан-дүниесіне жол салатын жанның бірі - Серікболсын Қыдырбайұлы. Оның ел мен өнер алдындағы елеулі еңбегі, өмірдегі қалдырған ізі - кейінгі ұрпаққа өнеге. Серікболсын өзінің мағыналы ғұмырының 20 жылын Қапшағай қаласының мәдени-рухани саласының кемелденіп өсуіне арнаған еді.

Мәдениет үйін басқаруды біреулер оп-оңай шаруа көруі мүмкін. Әр саланың өз қиындығы мен өзіндік мәселесі де болады. Көп мәселенің түйіні сол саланы басқаратын басшының іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетіне тікелей байланысты. Бұл ретте Серікболсын Қыдырбайұлының орны тым бөлек екенін ел де жақсы біледі.

Бір күні сол кездегі қалалық саябақта орналасқан қалалық кітапхананың №4 филиалына ұзын бойлы ер адам кіріп, бізбен жақын адамдардай емен-жарқын сөйлесіп отырып, қазақ тіліндегі көркем әдебиеттердің арасына ақын Шәкір Әбенovтің кітабын қолына алып: «Бұл - менің атам, атақты Шыңғыстаудың алыбы, абыз ақыны» деп, өзін бізбен таныстырған еді. Сол сәттен бастап өмірінің соңына дейін кітапханамен байланысын үзбеді.

2008 жылдың 15 тамызы күні Талдықорған қаласында Қапшағай қаласының Мәдениет күні аясында өткен облыстық кітапханадағы шараға қызы Мөлдірмен бірге қатысып, талдықорғандықтарға өз өнерлерін паш етіп, жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленгені есімізде ұмытылмастай сақталып қалды.

С. Қыдырбайұлы мәдениеттің нағыз майталманы, жанашыры еді. Қапшағай өңірінде өтетін әрбір мәдени шараларға ұдайы қолдау білдіріп, белсене атсалысты. Кітапханадағы талай шығармашылық кездесулерді, кештерді ұйымдастыруда көмегін аямады.

Жүрген ортасында Абай әндерін айтып, насихаттап жүретін әрі ақын, әрі әнші, нағыз талантты өнер иесі Серікболсын аға облыс орталығынан Қапшағайдың кітапханасына бөлінетін кітаптарды жеткізіп беріп, бізді талай мәрте қуантқан еді.

Жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасыту, еңбегіне лайықты құрмет көрсету - азаматтық парыздың асқақ биігі. Қапшағайдың мәдениет саласында айшықты ізі қалған өнер дүлдүлі, абзал аға, жайсаң жан жайлы естелік жазу ойымызда жоқ еді-ау! Бірақ өмір бар жерде, оның тұйықталатын тұсы болатындығын еріксіз мойындауға тура келеді. Бұл – ащы шындық.

**Назым КЕНЖЕБЕКОВА,**

*Қапшағай қалалық кітапханасының директоры*

**Вера ЛЕТУЧИХ,**

*Қапшағай қалалық кітапханасының ардагері*

**Даража ЖОЛЫМБЕТОВА,**

*Қапшағай қалалық кітапханасының бөлім меңгерушісі*

## ҰСТАЗЫМДЫ САҒЫНЫП ЖҮРМІН

«Ұстаз - ұлы есім». Мен бүгін өнердегі ардақты ұстазым, сегіз қырлы, бір сырлы, әнші-күйші марқұм Бекбосынов Серікболсын Қыдырбайұлын сағынышпен еске алып отырмын.

Менің ұстазым тумысынан мейірім мен адалдықтан жаралған жан еді. Білімді ұстаз, білікті басшы бола білді. Ұстазымыздың көзі кетсе де, артында қалған аяулы жары Алмаз апай мен ұрпақтары әке атын өшірмеді.

Адам баласының жүрегіндегі қадыр тұтар екі ұғымы болса, соның біреуі ұстаз дер едім. Алтыншы сыныпқа барған кезім. Сабақта отырған едік. Сыныптың есігі қағылып, сыныпқа батыр тұлғалы, еңселі ер адам кіріп келді.

-Мұсатаева Майра деген оқи ма осы класта?- деді. Сөйтсем, ауылымызда саз мектебі ашылып, соған дарынды әрі талантты оқушыларды жинап жүр екен. (Менің домбыра

тартатынымды естіген болу керек.) Міне, дәл сол күннен бастап өнерлі, күйші, шебер домбырашы, тума талант иесі, өнегелі ұстаз Серікболсын ағаның шәкірті болып шыға келдім.

Бір сөзбен ұлағатты ұстазымның туған жеріне, еліне, Қапшағай қаласының мәдениет саласына сіңірген еңбегін толық айтып жеткізу мүмкін емес. Оның өмірден өткеніне де бір жыл уақытболды. Жанұя мүшелері қалай сағынса, менің де сағынышым ол кісілерден кем емес.

Шалғай қалада тұрса да, менімен үнемі хабарласып, ақыл-кеңестерімен бөлісіп, қанаттандырып отырушы еді. Амал нешік?! Қанатым қайырылғандай болды.

Ауыл әкімі берген Алғыс хатты инстаграм парақшама салғаным сол еді, іле - шала ізгі тілектер тізбектеле жөнелді. Сол ақжарма тілектердің ішінде бала күнімнен өнерге баптап, томағамды сыпырып, өнер жолына батасын беріп қосқан ардақты ұстазымның тілегі жетпей тұрды...

Біреудің табиғаты - ұстаз, біреудің кәсібі - ұстаз. Табиғаты ұстаз дегенім - туа бітті ұстаз. Серікболсын аға осы санаттан еді.

**Майра МҰСАТАЕВА,**

*Құндызды ауылындағы музыка мектебіндегі шәкірті*

## **ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУДАН ЖАЛЫҚПАЙТЫН**

Атадан жалғыз ұл едің, жаныңа өнерді серік еткен Секем! Кім ойлаған дәл осылай сені жоғалтып аламын деп... Ардақтым-ай!

Болжаусыз өлім деген осы екен. Жалған дүние-ай! Ең болмаса 63 жасқа толып, құрметті демалысқа шығарып салу бәрімізге арман болып қалды.

Өмірде өр мінезді, батыр тұлғалы азамат болсаң да, жүрегің өте нәзік еді. Әр адамға жаның ашып, қай-қайсысына болса да жақсылық жасаудан жалықпаушы едің. Нені айтсаң да бетке айтып, шындық десе шырылдап отыратынсың. Тосыннан келген науқастан жазыламын деген берік сенімде болдың, мен де сендім. Наурыз айының алғашқы жұмасында жастығыңды биіктете төсетіп: «Мешітте азан айтылып жатыр ма?» дедің де, тіліңді кәлимаға келтіріп үзіліп жүре бердің. Қайтейін!

Шежіре едің, сөз шеберлігіне астасқан серілігін,

ақындығың, әншілігің өз алдына. Бір адамның басына осыншама қастерлі қасиетті үйіп төгіп берген Аллаға мың шүкір деймін.

Қаншама шәкірт тәрбиеледің, ұлағатты ұстаз, адал дос, жанұяның сүйеніші, балаларыңның әкесі, немерелеріңнің сүйікті атасы едің. Туған жерім ауылым дегенде жүрегің езіліп тұратынсың. Демалыс алсақ болды тек ауылға ат басын бұратынбыз. Біздің барлық еңбек демалыстарымыз әлдекімдерше аңсарымыз шет елге аумай, ауылға қарай асығушы едік. Сен Шыңғыстаудың керімсал саумал желін, сарышұнақ аязын сағынатынсың. «Зейнеткерлікке шықсам ауылға көшем-ау» деуші едің қайран Секем!

Сенің қазанды естіген бүкіл жұрттың қабырғасы қайысып, «Мүмкін емес, ондай өмірге құштар, күш-жігері мықты жанның өмірден өтуі мүмкін емес» деп ботадай боздап келіп, қайғымызға ортақтасты. Қаралы күндерде жанымыздан табылған барлық жанашыр жандарға әлі күнге ризашылық сезімімді білдіремін.

Енді маған өзің туралы естеліктер жазып, сағынышымды басып, артыңда қалған ұрпағыңа бас-көз болып, солардың тілеуін тілеп, аманатыңды орындап, жарқын бейнеңді еске алу ғана бұйырды.

Жан серігім! Топырағың торқа, алдың пейіш, артың кеніш болсын.

**Алмаз АХАТҚЫЗЫ,**

*зайыбы*

*«Нұрлы өлке» газеті, 16.04 2021 жыл*

## **ШЫҒЫСТЫҢ ҚЫРАНЫ ЕДІҢ ҰШҚАН БИІК**

Татқызып бұл өмірдің ащы зарын,  
Кеттің бе бақилыққа асыл жарым?!  
Көз алдымда мәңгілік жарқын бейнен,  
Жарасқан биік тұлғаң, қара шашың.

Өзің едің Алланың берген бағы,  
Өлім де бар бұлжымас өмір заңы.  
Иесін іздегендей күмбірлейді,  
Домбыраның естіліп кейде сазы.

Ұлы едің тірлігің де «халқым» деген,  
Ертеңі үшін елінің елеңдеген,  
Қолыңа қалам алып ақ параққа,  
Келтіріп сөз маржанын кестелеуші ең,

Қызмет еттің халқыңа ғұмырыңда,  
Қона білдің адамдық тұғырына.  
Сағынышпен бүгінде еске алады,  
Асыл жарың, немере, ұл-қызың да.

Шығыстың қыраны едің ұшқан биік,  
Тезге салып талайды алдың тыйып.  
Мансаптың құлқынына құл болмадың,  
Көрмеп едің байлық пен дүние жиып.

\*\*\*

Өзіңді ойлап, мұң кешіп,  
Көкірегіме толды өксік.  
Елеңдеумен күтемін  
Сықырласа сыртқы есік.

Келмеске кеттің білемін,  
Сыздатып жардың жүрегін.  
Жаның болсын жаннатта,  
Сол ғана менің тілеуім...

**Алмаз АХАТҚЫЗЫ,**

*зайыбы*

*17.02.2022 жыл.*



## МАЗМҰНЫ

### Бірінші бөлім: ӨНЕРІМ - ӨМІРДАСТАНЫМ

Шыңғыстауым.....	3
Әкеге сыр.....	4
Абыз акын.....	5
Қос әулие мекені Құндыздыда.....	6
Ауылдастар.....	8
Тәуелсіздік толғауы.....	11
Мәдениет үйі ашылды.....	12
Немере тойына тарту.....	13
«Әйел деген – тіршіліктің негізі».....	13
Рамазан – ұлық айы.....	14
Ей, заман.....	15
Досқа сыр.....	16
Биігінде «Қаламқас» дара тұрды.....	17
Сендей болсын өнердің жанашыры.....	20
Қонаққәде.....	21
Өмірі ұрпағы үшін өнегелі.....	22
Әнші аға.....	23
Абзура апайға.....	24
Парыз ғой игі істі қолдауымыз.....	25
Бүгінгі күннің көрінісі.....	25
Бакытты бол, қарағым.....	26
Мойындан, күшін әлем жүрсін біліп.....	27
Жаны дархан ағасыз.....	28
Туған күнге әзіл-өлең.....	29
Биігінен алысқа қарайтын жан.....	30
Бұлбұл құс ұя салған таңдайына.....	31
Сламғазы ініме.....	32
Ардақтаумен келесіз Алашымды.....	32
Өзінің биігіне жеткен кісі.....	33
Өмірің өнеге ғой жатқан тұнып.....	34
Халық үшін жаралған.....	35
Шашылған елге шуағы.....	35
Өлең – оның тынысы.....	36
Елуден асып барарсың.....	36
Ақынды таныстыру.....	37
Алтыншаш ақынға.....	39

Бабамыз Ататүрік бәріміздің .....	40
Ердос ағаға.....	41
Емендей қатты қайратты .....	42
Аттар аттанарда.....	43
Аламан бәйге .....	43
Атаңнан қалған ас емес .....	44
Тектілігін тереңнен ұғынамыз .....	45
Құрдастарға .....	46
Аман жүр, айналайын Нұрболатым .....	46
Нұрболатқа .....	47
Ғалия келінге .....	47
Ерболатқа.....	47
Қапшағайда қос жұлдыз.....	48
Айнұрға.....	49
Әсемге .....	49
Мөлдірге .....	49
Жаңғырсын бабалар рухы .....	50
Адамдықтың ақ туын желбіреткен.....	50
Керзаман .....	51
Қабдығали ағаның маған берген батасы.....	51
Ақтаңгер әнші өмірден өтті .....	53
Келместің мініп кетті кемесіне.....	54
Тектілердің жалғасы, тұяғысың.....	56
Бата – тілек .....	56
Сүндет бата.....	58
Теріс бата .....	58
Балаларға базарлық.....	59
Коронавирус.....	60
Алпыс екі жастамын .....	60
Жеке шумақтар.....	61
Туған күнге арнау .....	62
Қапшағай гимні .....	63
Шашылып түскен сөз тіркестері .....	64
«Шыңғыстау» халықтық – отбасылық ансамблі .....	65
Өнермен өрілген өмірбаян .....	66
<b>Екінші бөлім: СӘУЛЕЛІ ҒҰМЫР</b>	
Құтты болсын 60 жас.....	69
А. Жақиянова Аты шығар ақынның халқыменен .....	70
Шеттеріңнен өнер қонған әулетің .....	71

Б. Байлов Серік еткен сегіз түрлі өнерді .....	72
Н. Бекбосынов Ағама.....	72
Г. Сәбитқызы Өткір сөз, абыройлы істен қуат аламын.....	73
А. Көптілеуов Халқына ән мен жырын сыйлаған.....	78
Т. Жанғалиев Серік сері жігіт еді .....	81
Е. Оразалы Жетісуды талантымен тәнті еткен .....	83
Т. Сүлейменов Ұрпағын киелі өнерге баулыды .....	84
З. Әбілқасымұлы Ұлыларды ұлағат тұтқан азамат еді.....	85
Тұғыры биік тұлға болатын .....	90
Б. Сағымбаева Өнердің нағыз жанашыры болды .....	91
З. Алтай Қапшағай сахнасын қазақыландырған азамат.....	92
Б. Байлов Дауа бар ма ажалдың жебесіне .....	94
А. Жақиянова Әнің қалды артыңда.....	95
Топырағы әлі кепкен жоқ.....	96
Қырқын бүгін .....	97
Б. Бай – Ел Аққан жұлдыз.....	98
Н. Бекбосынов Ағама.....	99
С. Шәкірқызы Ақын атасын пір санады .....	100
А. Сейтенов Елес боп қала берді .....	101
Б. Шәйкенова Орны ойсырап қалды .....	101
А. Лаврова Достойный сын казахской степи .....	102
Н. Нұрсейітова Көркі едің сахнаның саңлағы.....	103
А. Бухас Жан аға .....	103
А. Бейсенғалиева Адамдықтың асқақ өлшемі еді.....	104
Н. Кенжебекова Қалдырған ізі – ұрпаққа өнеге.....	105
М. Мұсатаева Ұстазымды сағынып жүрмін.....	106
А. Ахатқызы Жаксылық жасаудан жалықпайтын .....	107
А. Ахатқызы Шығыстың қыраны едің ұшқан биік .....	108

Серікболсын ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ

ШЫҢҒЫСТАУЫМ –  
ҚАСИЕТТІ МЕКЕНІМ

Редакторы: *Зарыққан Әбілқасымұлы*  
Көркемдеуші редактор: *Жолдас Дәулет Қайратұлы*  
Корректоры: *Айжарық Көптілеуов*

Басуға 27.02.2022 ж. Қол қойылды.

Пішімі 84x108 <sup>132</sup>

Таралымы 150 дана.

Кітап «Принт-Плюс» баспаханасында басылды.  
Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті,  
С. Сейфуллин көшесі, 2в.  
Телефон: 8 701 712 01 73

